



ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ БОЙЫНША ЕСЕП

2025

ШӘКЕРІМ УНИВЕРСИТЕТІ





**«ШӘКӘРІМ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ**

**ТДМ №1 – «Кедейлікті жою»
мақсатына қол жеткізу нәтижелері туралы
ЕСЕП
2025 жыл**

Семей, 2026



Кіріспе

«Шәкәрім университеті» КеАҚ-ның Тұрақты даму мақсаты 1 (ТДМ 1) аясындағы қызметінің мақсаты – кедейлік деңгейін төмендету және халықтың барлық топтары үшін сапалы білім мен ресурстарға қолжетімділікті кеңейту.

Университеттің негізгі міндеттері:

- ❖ аз қамтылған отбасылардан шыққан студенттердің білім алуына және кәсіби дамуына тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету;
- ❖ экономикалық дамуға және әлеуметтік тұрақтылыққа ықпал ететін ғылыми зерттеулер мен инновациялық жобаларды қолдау;
- ❖ студенттер мен оқытушыларды кедейлікті жоюға бағытталған халықаралық және әлеуметтік бастамаларға тартуға жағдай жасау;
- ❖ баршаға білім беру және әлеуметтік бағдарламалардың қолжетімділігін қамтамасыз ететін инфрақұрылым мен ресурстарды дамыту.

1. Білім беру қызметі

Университет халықтың әлеуметтік осал және аз қамтылған топтарынан шыққан білім алушыларды қолдауға бағытталған білім беру бағдарламаларын іске асырады. Оқу пәндері мен факультативтер аясында:

- ✓ қаржылық жағдайына қарамастан сапалы білім алуға мүмкіндік қамтамасыз етіледі;
- ✓ [қаржылық қолдауды](#) қажет ететін білім алушылар үшін стипендиялық және гранттық бағдарламалар ұйымдастырылады;
- ✓ экономикалық сауаттылық пен кәсіби дағдыларды арттыруға бағытталған оқыту және ағартушылық іс-шаралар өткізіледі.



2025 жылғы сәуір айында Бизнес жоғары мектебінің оқытушылары мен білім алушыларына арналған [қаржылық сауаттылық бойынша тренинг](#) өткізілді. Іс-шараға «Halyk Bank» филиалы директорының орынбасары Болат Айбатоллаұлы Қыстаубаев қатысты. Аталған тренинг қатысушылардың қаржылық

сауаттылық деңгейін арттыруға және қаржы ресурстарын ұтымды басқару дағдыларын қалыптастыруға ықпал етті. Қаржылық сауаттылықты дамыту білім алушылар мен оқытушыларға экономикалық тұрғыдан негізделген шешімдер қабылдауға, жеке бюджетті тиімді жоспарлауға және қаржылық осалдық тәуекелдерін төмендетуге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде азаматтар мен отбасылардың экономикалық тұрақтылығын нығайтуға ықпал етеді.

«Қаржылық сауаттылық негіздері»

миноры әрқайсысы 5 кредиттен тұратын үш пәнді қамтиды және білім алушылардың салмақты қаржылық шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін практикалық білімдері мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Аталған құзыреттерді меңгеру білім алушылардың экономикалық дербестігін арттыруға, қаржылық осалдық тәуекелдерін төмендетуге және жеке қаржысын тиімді басқару дағдыларын дамытуға ықпал етеді.



«Қаржылық сауаттылық негіздері» тақырыбындағы семинарлар

білім алушылардың қаржылық сауаттылығын арттыруға, жеке қаржыны ұтымды басқару дағдыларын қалыптастыруға және қаржылық қауіпсіздік қағидаттарын меңгеруге бағытталған. Соның бір мысалы – Абай облысы бойынша «Қарызсыз қоғам» жобасының тәлімгері, PhD Сәулет Еркінқызы және «Экономика және бизнес» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, PhD Арайлым Оразғалиеваның «Қаржылық тәуекелдер және олардан қорғану» тақырыбында өткізген ашық бинарлық дәрісі. Аталған іс-шара студенттердің қаржылық тәуекелдерді бағалау, қаржылық алаяқтықтан қорғану және жеке қаржыны тиімді басқару бойынша білімдері мен практикалық дағдыларын дамытуға ықпал етті.

2. Ғылыми және инновациялық қызмет

Ғылыми және инновациялық қызмет аясында университет:

- ✓ өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдауға бағытталған жобаларды дамытады;
- ✓ студенттер мен жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу қызметін қолдап, кедейлікті төмендетуге ықпал ететін инновацияларды енгізуге мүмкіндік жасайды;
- ✓ халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған қолданбалы жобаларды іске асырады.

Жыл сайын университетте профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушылар арасында стартап-жобалар конкурстары, сондай-ақ университет қызметкерлеріне арналған ішкі гранттар конкурсы өткізіледі.

Университетте тұрақты негізде студенттік ғылыми үйірмелер жұмыс істейді. Солардың бірі – «Адам Смит клубы», оның мақсаты – студенттердің экономикалық ойлау қабілетін дамыту, қоғамда болып жатқан экономикалық үдерістер жағдайында белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру.

3. Интернационалдандыру және халықаралық ынтымақтастық

ТДМ 1-ге қол жеткізу үшін университет:

- ✓ барлық қатысушылар үшін білім мен ресурстарға қолжетімділікті қолдайтын халықаралық білім беру және ғылыми жобаларға қатысады;
- ✓ студенттерді әлеуметтік қолдау және кедейлікті жою бағдарламаларын дамыту мәселелері бойынша шетелдік жоғары оқу орындарымен тәжірибе алмасуды қамтамасыз етеді;
- ✓ студенттер мен оқытушылардың халықаралық гранттық және зерттеу бастамаларына қатысуын қолдайды.

Шәкәрім университеті өзінің [шетелдік серіктестерімен](#) тығыз ынтымақтастық орнатып, білім мен ғылымның шекарасын кеңейтуде.

Мысалы, 2025 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің ғылым және жоғары білім саласында Қытай Халық Республикасымен ынтымақтастықты дамыту жөніндегі стратегиялық бастамасы аясында Northwest A&F University университетімен [келісімге](#) қол қойылды.

2025 жылы университет алғаш рет [THE Impact Rankings рейтингіне](#) қатысып, ТДМ №1 бойынша әлемде 1001+ орынға ие болды, бұл аталған бағыт бойынша жүйелі жұмыстардың жүргізіліп жатқанын көрсетеді.

4. Әлеуметтік даму және студенттік орта

Университет [инклюзивті студенттік ортаны](#) қалыптастыра отырып, төмендегілерді қамтамасыз етеді:

- ✓ барлық студенттердің қаржылық жағдайына қарамастан мәдени, спорттық және әлеуметтік іс-шараларға қатысуын;
- ✓ аз қамтылған отбасылар мен жергілікті қауымдастықтарға көмек көрсетуге бағытталған волонтерлік және әлеуметтік бағдарламаларды ұйымдастыруды;
- ✓ студенттердің әлеуметтік жауапкершілік пен тұрақты даму туралы хабардарлығын арттыруды.




2025 жылғы 10 желтоқсанда университетте шағын және орта бизнес өкілдеріне, сондай-ақ студенттерге арналған [«SmartFinance Expo 2026: Қазақстан Республикасының жаңа Салық кодексі бойынша навигация» атты облыстық форум өтті.](#)

Қатысушылар салық заңнамасының жаңа ережелері туралы өзекті білім алып, бұл олардың қаржылық сауаттылығы мен кәсіпкерлік құзыреттілігін арттыруға ықпал етеді. Форумды өткізу қатысушылардың экономикалық жағдайын жақсартуға және қаржылық осалдық тәуекелін төмендетуге көмектеседі.

2025 жылғы 17 ақпанда Бизнес жоғары мектебінің оқытушылары – экономика ғылымдарының кандидаты А.К. Ибраева және PhD Д.М. Акишева [Семей қаласы телеарнасындағы «Елге сәлем» бағдарламасының тікелей эфиріне қатысты.](#) Сұхбат барысында «Қаржыны басқаруды үйрен» тақырыбында қаржылық сауаттылық, жеке қаражатты саналы түрде басқару және жауапты қаржылық мінез-құлықты қалыптастыру мәселелері талқыланды.



Мұндай ағартушылық іс-шара халықтың экономикалық сауаттылығын арттыруға және қаржылық осалдық тәуекелін төмендетуге ықпал етеді.



2025 жылғы 30 қаңтарда Бизнес жоғары мектебінің аға оқытушысы, экономика ғылымдарының кандидаты Әлия Қабышқызы Ибраева [Semei телеарнасындағы «Елге сәлем» бағдарламасына сұхбат берді.](#) Эфир барысында қаржылық сауаттылық, бюджетті жоспарлау, қаржы құралдарын тиімді пайдалану және қаржылық тәуелсіздікке қол жеткізу жолдары талқыланды.

Іс-шара халықтың экономикалық сауаттылығын арттыруға және жеке ресурстарды ұтымды басқару дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

2025 жылғы 9 сәуірде өткен 10–11 сынып оқушыларына арналған [қаржылық сауаттылық бойынша олимпиада](#) жастарды тәжірибеге бағытталған оқытуға тартуға, қаржыны ұтымды басқару дағдыларын дамытуға және экономикалық жауапкершілікті қалыптастыруға бағытталған.





2025 жылғы 15 сәуірде Шәкәрім университетінің Бизнес жоғары мектебі Семей қаласының жалпы білім беретін орта мектеп оқушылары арасында «Экономикалық білім – ең үздік капитал» атты «Экономика» және «Қаржы» пәндері бойынша қалалық олимпиада өткізді.

2025 жылғы 13 қарашада Ұлттық валюта – теңге күніне арналған қаржылық сауаттылық бойынша олимпиада өткізілді. Олимпиадаға 19 мектептен 23 команда қатысты. Олимпиаданың негізгі мақсаты – оқушылардың экономикалық ойлау дағдыларын дамыту, қаржыны тиімді басқарудың практикалық дағдыларын қалыптастыру және қаржылық сауаттылық деңгейін арттыру.



2025 жылғы 26 қарашада Семей қаласының 10–11 сынып оқушыларына арналған «Business Open Doors» атты қалалық интеллектуалдық QUIZ-ойыны өтті. Қалалық интеллектуалдық ойынның басты мақсаты – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін анықтау және дамыту, экономика мен қаржыға қызығушылығын қалыптастыру, сондай-ақ қаржылық сауаттылық деңгейін арттыру.



Университеттің оқытушылары мен қызметкерлері үшін «Өнердің сиқырлы әлемі» тақырыбында шеберлік сабақтары өткізілді. Шеберлік сабақтары үш бағытты қамтыды: мүсін жасау, «кілем кестесі» техникасы және жапондық бейнелеу өнерінің «Кинусайга» техникасы. Іс-шараның басты ерекшелігі – қатысушылардың өз күштерін сынап көріп, бұйымдарды өз қолдарымен жасау тәжірибесін меңгеру мүмкіндігі болды.

Сонымен қатар, университет білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету және әлеуметтік теңсіздікті төмендету мақсатында білім алушылардың әлеуметтік осал санаттарына тұрақты негізде әлеуметтік қолдау көрсетеді. Осылайша, 2025 жылы жетім балалар санатына жататын 1-курс студенттерінің бесеуіне біржолғы материалдық көмек көрсетіліп, 1–4 курс аралығындағы 38 студентке ай сайынғы жәрдемақы тағайындалды (2025 жылғы 6 қазандағы №684 бұйрық).

Білім алушыларды әлеуметтік қорғау университеттің басым бағыттарының бірі болып табылады. 2025 жылы 294 білім алушыға оқу ақысына 20%-дан 100%-ға дейінгі мөлшерде жеңілдік берілді, оның ішінде 55 білім алушы оқу ақысына 100% жеңілдік алды.

5. ТДМ 1-ді іске асыруға арналған инфрақұрылым және ресурстар

Инфрақұрылым мен ресурстарды дамыту төмендегілерді қамтиды:

- ✓ қолжетімді оқу аудиторияларын, зертханалар мен кітапханаларды құруды;
- ✓ барлық студенттерді цифрлық білім беру ресурстарымен және онлайн-платформалармен қамтамасыз етуді;
- ✓ әлеуметтік-экономикалық қолдауды қажет ететін студенттерге қолдау көрсету және кеңес беру орталықтарын ұйымдастыруды.

Біздің университет қаржылық жағдай дарындылықтың дамуына кедергі болмайтын орта қалыптастырады.

Қолжетімді тұрғын үй: Университетте 1174 орындық 5 студенттер үйі жұмыс істейді. Әлеуметтік осал санаттағы студенттер (жетім балалар, I, II, III топтағы мүгедектігі бар адамдар) жатақханада тұру ақысына 100% жеңілдік алады. Орындарды бөлу кезінде аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан жастарға әрдайым басымдық беріледі.

Цифрлық орта: «Цифрлық алшақтықты» жою мақсатында кампустың барлық жатақханалар мен оқу корпустары тегін Wi-Fi желісімен және командалық жұмысқа арналған заманауи коворкинг-аймақтарымен жабдықталған.

Кітапхана қоры және электрондық жазылымдар: Университеттің оқу корпустарында кітапханалар мен оқу залдары жұмыс істейді, сондай-ақ электрондық оқулықтар мен әлемдік кітапханаларға жазылымдар қолжетімді.

Әлеуметтік қолдау және тамақтану: Оқу корпустарында сапалы әрі қолжетімді тамақтануды қамтамасыз ететін 5 асхана жұмыс істейді.

Денсаулық және спорт: Университетте тегін медициналық көмек көрсететін медициналық пункттер жұмыс істейді. Спорттық инфрақұрылымға бассейні, күрес залдары және футбол алаңдары бар екі спорт кешені кіреді, олар барлық білім алушылар үшін қолжетімді. Университетте психологиялық қолдау қызметі және инклюзивті білім беруді дамыту ресурстық орталығы жұмыс істейді.

Қорытынды

«Шәкәрім университеті» КеАҚ кедейлікті жоюға ықпал ететін іс-шаралар мен бағдарламаларды белсенді түрде жүзеге асырып, студенттердің барлық санаттары үшін сапалы білімге, ғылыми зерттеулерге және әлеуметтік қолдауға қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Бұл университеттің ТДМ 1 – «Кедейлікті жою және тұрақты даму» қағидаттарына адалдығын көрсетеді.



**«ШӘКӘРІМ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ**

**ТДМ №2 – «Аштықты жою және тамақтануды жақсарту»
мақсатына қол жеткізу нәтижелері туралы
ЕСЕП
2025 жыл**

Семей, 2026



Кіріспе

«Шәкәрім университеті» КеАҚ-ның ТДМ 2 аясындағы қызметінің мақсаты – азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тамақтану сапасын жақсарту және аштық пен дұрыс тамақтанбаудан зардап шегетін адамдар санын азайту.

Университеттің негізгі міндеттері:

- ❖ тағамдық биотехнология, аграрлық ғылымдар және нутрициология бағыттары бойынша білім беру бағдарламаларын дамыту;
- ❖ азық-түлік қауіпсіздігі, биотехнология және тұрақты ауыл шаруашылығы салаларында ғылыми зерттеулер мен инновациялық жобаларды жүргізу;
- ❖ азық-түлік қауіпсіздігі саласында халықаралық ынтымақтастық пен тәжірибе алмасуға мүмкіндік жасау;
- ❖ студенттердің практикалық даярлығын және қолданбалы зерттеулер жүргізуді қамтамасыз ететін инфрақұрылым мен ресурстарды дамыту.

1. Білім беру қызметі

Университет азық-түлік қауіпсіздігі және биотехнология салалары бойынша мамандар даярлауға бағытталған [білім беру бағдарламаларын](#) жүзеге асырады. Оқу курстары мен зертханалық сабақтар аясында:

- ✓ студенттердің азық-түлік өнімдерінің сапасын талдау және қауіпсіздігін бақылау саласында практикалық даярлығы қамтамасыз етіледі;
- ✓ қауіпсіз әрі құнарлы тағам өнімдерін өндірудің заманауи технологиялары бойынша факультативтер мен шеберлік сабақтары өткізіледі;
- ✓ студенттер функционалдық және байытылған тағам өнімдерін әзірлеу жобаларына тартылады.



2025 жылғы 15 наурызда қасиетті Рамазан айында Shakarim University-дің Физика және химия ғылымдары мектебінің білім алушылары [Семей қаласында қайырымдылық акциясын](#) ұйымдастырды. Іс-шара аясында тұрғындарға ауыз су, құрма, бауырсақ және ыстық шай таратылды.

Бұл бастама халықты қолдауға, қайырымдылық мәдениетін насихаттауға және әлеуметтік ынтымақтастықты нығайтуға бағытталды. Ерекше назар өзара көмек көрсету және мұқтаж жандарға қамқорлық жасау қағидаттарына аударылды.

2025 жылы [Наурыз мерекесін атап өту аясында](#) Shakarim University Семей қаласының Орталық алаңында ауқымды мәдени-әлеуметтік іс-шаралар ұйымдастырды. Ұлттық киіз үйлер тігіліп, мәдени мұра мен дәстүрлі тұрмыстық бұйымдардың көрмелері ұйымдастырылды, ұлттық ойындар өткізіліп, қонақтарға ұлттық тағамдар ұсынылды.



Мерекелік іс-шаралар аясында:

- ✓ дәстүрлі тағамдар мен ұлттық дәмдер таратылды;
- ✓ мәдени құндылықтар мен ұлттық мұра элементтері таныстырылды;
- ✓ қоғамдық бірлік пен әлеуметтік ынтымақтастық нығайтылды.



Сондай-ақ, 2025 жылы студенттердің өздері өндірген өнімдерін таныстырған [азық-түлік тауарларының студенттік жәрмеңкесі](#) ұйымдастырылды.

Іс-шара:

- ✓ тұрақты өндіріс пен тұтыну дағдыларын дамытуға;
- ✓ студенттердің жергілікті бастамаларын қолдауға;
- ✓ азық-түлік ресурстарын ұтымды пайдалану мәдениетін қалыптастыруға ықпал етті.

2. Ғылыми және инновациялық қызмет

Ғылыми қызмет аясында университет:

- ✓ қауіпсіз және биологиялық белсенді өнімдерді, функционалдық тағам өнімдерін әзірлеу, сондай-ақ ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыру әдістері бойынша ғылыми зерттеулер жүргізеді;
- ✓ ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеудің және жоғары сапалы тағам өнімдерін өндірудің инновациялық технологияларын дамытады;
- ✓ ғылыми зерттеулердің нәтижелерін өнеркәсіптік өндіріске енгізу мақсатында кәсіпорындармен және ғылыми-зерттеу орталықтарымен ынтымақтастық жасайды.

2025 жылғы 24 қазанда өткен [«Отандық тұқым шаруашылығы» тақырыбындағы дөңгелек үстелде](#) өсімдіктердің жаңа сұрыптарын шығарудың перспективалық бағыттары мен тұқым шаруашылығы саласын дамыту мәселелері талқыланды. Іс-шара мамандар мен студенттер арасында тәжірибе алмасуға, өсімдік шаруашылығының заманауи әдістері туралы білімді кеңейтуге және ауыл шаруашылығына инновациялық тәсілдерді енгізуге ықпал етті. Бұл ғылыми қызметті саланың практикалық міндеттерімен



ықпалдастырудың және кәсіби байланыстарды нығайтудың үлгісі болып табылады.



Агробиозертханада қызметкерлер мен студенттердің күшімен өсірілген [ауыл шаруашылығы өнімдерін жинау](#) жұмыстары жүргізілді. Бұл жұмыс Northwest Agriculture and Forestry University (Қытай) ғалымдарымен бірлесіп жүзеге асырылған ғылыми жобаның нәтижесі болып табылады.

Тұрақты ауыл шаруашылығы саласындағы ғылыми жобалар:

1. [AP26101621](#) (2025–2027) – «Хитозанның фолликулалар мен жатыр артерияларының васкуляризациясына, буаздықты жиілігіне, кейбір маңызды гормондарға, бактериялық популяцияларға және мұздатылған сперматозоидтармен ұрықтандырылған «Ақбас» ірі қара малындағы биомаркерлерге әсерін жан-жақты зерттеу»;
2. [AP26100579](#) (2025–2027) – «Бройлер тауықтарындағы ақсақтықты көп факторлы талдау: Қазақстанның коммерциялық құс фабрикаларында патогендерді анықтау, қауіп факторлары және алдын алу стратегиялары»;
3. [AP27508635](#) (2025–2027) «Қазақстандағы сиыр етін өндірудің бәсекеге қабілеттілігін талдау: АҚШ-та қолданылатын тәсілдермен бірге еттің сапасы, қауіпсіздік стандарттары және қаңқа параметрлерін салыстыру»;
4. [AP23485629](#) (2024–2026) «Семей ядролық сынақ полигонына іргелес аумақтардағы ірі қара малдың еті мен сүтінің сапасы мен қауіпсіздік жүйелерін қамтамасыз ету»;
5. [BR24992940](#) (2024–2026) «Селекцияның тиімді әдістерін әзірлеу мен ресурс үнемдейтін технологияларды енгізу негізінде Қазақстанның солтүстік-шығыс аймақтарында өнімділігі жоғары қой популяцияларын құру»;
6. [AP22686900](#) (2024–2026) «Қойдың стронгилятозды-трихоцефалезды-эймериозды инвазиясын алдын-алу, тиімді әдістермен емдеу»;
7. [AP22685400](#) (2024–2026) «Сиырлар мен қойлардың жыныс мүшелерінің ауруларын анықтау және қолдан ұрықтандыру үшін эндовидеовагиноскопты әзірлеу және сынақтан өткізу».

3. Интернационалдандыру және халықаралық ынтымақтастық

ТДМ 2-ге қол жеткізу мақсатында университет:

- ✓ азық-түлік қауіпсіздігі және ауыл шаруашылығы саласындағы халықаралық білім беру және ғылыми жобаларға қатысады;
- ✓ аграрлық және тағамдық биотехнология саласындағы құзыреттерді арттыру мақсатында студенттер мен зерттеушілердің шетелдік университеттермен алмасуын ұйымдастырады.

✓ азық-түлік өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігінің халықаралық стандарттарын оқу және ғылыми-зерттеу үдерісіне енгізеді.

Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы мамандарын магистратура деңгейінде Қытайдың Northwest Agriculture and Forestry University университетімен бірлесіп [қос диплом бағдарламасы](#) бойынша даярлау жүзеге асырылуда.

2025 жылы университет алғаш рет [THE Impact Rankings](#) рейтингіне қатысып, ТДМ 2 бойынша әлемде 601–800 орынға ие болды, бұл аталған бағыттағы жүйелі жұмыстың жүргізіліп жатқанын көрсетеді.

4. Әлеуметтік даму және студенттік орта

Университет студенттерді азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған жобаларға тарту үшін жағдай жасайды:

- ✓ азық-түлік бастамаларын қолдау және дұрыс тамақтануды насихаттау бойынша волонтерлік бағдарламаларды ұйымдастыру;
- ✓ студенттер мен жергілікті қоғамдастық арасында теңгерімді тамақтанудың маңыздылығы туралы ағартушылық іс-шаралар өткізу;
- ✓ қолжетімді әрі құнарлы азық-түлік өнімдерін әзірлеуге бағытталған ғылыми-зерттеу жобаларына студенттерді тарту;
- ✓ Рамазан айында студенттер мен қызметкерлер үшін дәстүрлі «Ауызашар» ұйымдастыру.



Тағам инженериясы зерттеу мектебінде деканның орынбасары Әсел Әлібекқызы Дәутова профессор-оқытушылар құрамының балаларына арналған [аспаздық шеберлік сабағын](#) өткізді.

ЖОО ішіндегі [«Абай облысында ерте пісетін картоп сорттарының бейімделу қасиеттерін зерттеу және өсіру агротехникасын дамыту»](#) жобасы аясында студенттер агрономия және орнықты ауыл шаруашылығы саласындағы білімдерін қолдана отырып, тәжірибелік зерттеулерге қатысты. Іс-шара зерттеушілік дағдыларды дамытады, командалық жұмысты нығайтады және студенттердің өңірдің әлеуметтік маңызы бар жобаларына қатысу белсенділігін арттырады. Бұл білім беру қызметін



әлеуметтік даму және білім алушылардың экологиялық ағартылуымен ықпалдастырудың үлгісі болып табылады.



2025 жылғы ақпанда университет студенттері жыл сайынғы [«Мейірімділік жүректен» қайырымдылық акциясын](#) өткізді. Акция аясында ыстық тамақ пен сусын таратылып, сондай-ақ қарттар үйі мен балалар үйіне барып, концерттік бағдарлама мен ойындар ұйымдастырылды.

Университет білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету және әлеуметтік теңсіздікті төмендету мақсатында білім алушылардың әлеуметтік осал санаттарына тұрақты түрде әлеуметтік қолдау көрсетеді. Атап айтқанда, 2025 жылы жетім балалар қатарындағы 1-курсқа қабылданған бес студентке біржолғы материалдық көмек көрсетілді, ал 1–4 курс аралығындағы 38 студентке ай сайынғы жәрдемақы тағайындалды (2025 жылғы 06 қазандағы №684 бұйрық).

Білім алушыларды [әлеуметтік қорғау](#) университеттің басым бағыттарының бірі болып табылады. 2025 жылы 294 білім алушы оқу ақысына 20%-дан 100%-ға дейінгі мөлшерде жеңілдік алды, оның ішінде 55 білім алушыға оқу ақысына 100% жеңілдік берілді. Жетім студенттер мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттер, кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған (немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған) жастар қатарындағы студенттер, сондай-ақ I, II және III топтағы мүгедектігі бар білім алушылар, оның ішінде бала кезінен мүгедектігі бар адамдар университеттің Студенттер үйлерінде тұру ақысына бүкіл оқу жылы бойы 100% жеңілдік алады.

5. ТДМ 2-ні іске асыруға арналған инфрақұрылым және ресурстар

ТДМ 2 мақсаттарын іске асыру үшін [университет төмендегілерді дамытады:](#)

- ✓ тағамдық биотехнология және аграрлық зерттеулер бойынша зертханалар мен оқу орталықтарын;
- ✓ өнімдердің сапасы мен қауіпсіздігін талдауға арналған ғылыми-зерттеу жабдықтарын;
- ✓ азық-түлік қауіпсіздігі және нутрициология саласындағы студенттердің тәжірибелік сабақтары мен жобалық қызметіне арналған ресурстарды.

Университеттің оқу ғимараттарында білім алушылар мен қызметкерлердің жайлы әрі қолжетімді тамақтануын қамтамасыз ететін 5 асхана жұмыс істейді. Әрбір асхана заманауи талаптарға сай жабдықталған, санитариялық нормаларға сәйкес келеді және алуан түрлі әрі сапалы ас мәзірін ұсынады. Ассортиментке ыстық тағамдар, гарнирлер, салаттар, сусындар, нан-тоқаш өнімдері, тәттілер, сондай-ақ күнделікті сұранысқа ие тағамдар кіреді.

Қорытынды

«Шәкәрім университеті» КеАҚ білім беру бағдарламаларын, ғылыми зерттеулерді және әлеуметтік бастамаларды біріктіре отырып, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тамақтану сапасын жақсарту бағытында белсенді жұмыс жүргізуде. Аталған іс-шараларды іске асыру ТДМ 2 – Аштықты жою және дұрыс тамақтануды қамтамасыз ету мақсатына қол жеткізуге ықпал етіп, азық-түлік қауіпсіздігі саласында білікті мамандарды даярлауға және орнықты ғылыми-практикалық базаны қалыптастыруға мүмкіндік береді.



**«ШӘКӘРІМ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ**

**ТДМ № 3 – «Денсаулық және әл-ауқат»
мақсатына қол жеткізу нәтижелер туралы
ЕСЕП
2025 жыл**

Семей, 2026



Кіріспе

«Шәкәрім Университеті» КеАҚ қызметінің ТДМ 3 шеңберіндегі мақсаты – студенттердің, оқытушылардың және жергілікті қоғамдастықтың денсаулығын қолдау, салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру және аурулардың алдын алу үшін жағдай жасау.

Университеттің негізгі міндеттеріне мыналар жатады:

- ❖ биотехнология, азық-түлік қауіпсіздігі және денсаулық сақтау бойынша білім беру бағдарламаларын дамыту;
- ❖ халықтың денсаулығын жақсартуға бағытталған ғылыми зерттеулер мен инновациялық жобаларды жүргізу;
- ❖ денсаулық сақтау және салауатты өмір салты саласында халықаралық тәжірибе мен стандарттарды енгізу;
- ❖ денсаулық туралы хабардарлықты арттыратын әлеуметтік және білім беру бастамаларын құру;
- ❖ спортпен шұғылдануға, профилактикалық іс-шаралар өткізуге және практикалық зерттеулер жүргізуге арналған инфрақұрылым мен ресурстарды қамтамасыз ету.

1. Білім беру қызметі


Университет денсаулық және аурулардың алдын алу туралы білімді қалыптастыруға бағытталған [білім беру бағдарламаларын](#) жүзеге асырады:

- ✓ геродиеталық тамақтану, тағамдық биотехнология және салауатты өмір салты бойынша [минорлар](#) мен элективті курстар;
- ✓ студенттер мен оқытушыларға дұрыс тамақтану және аурулардың алдын алу мәселелері бойынша практикалық сабақтар мен шеберлік сабақтары;
- ✓ мектеп оқушылары мен қарт адамдарға салауатты өмір салтының негіздері бойынша [білім беру іс-шаралары](#).



2025 жылғы 10 қазанда [Дүниежүзілік психикалық денсаулық күні](#) аясында өткізілген іс-шараға психикалық үзілістер, эмоциялық қалпына келу аймақтары және интерактивті жаттығулар кірді. Іс-шара студенттер мен қызметкерлердің психикалық денсаулығын қолдауға, өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға және командалық өзара іс-қимылды нығайтуға ықпал етті. «Психология» бағытының студенттері іс-шараны ұйымдастыруға қатысып, теориялық білімдерін практикада бекітті және кәсіби дағдыларын дамытты.

2025 жылғы қаңтарда Shakarim High School оқытушылары үшін эмоционалдық күйзелістің алдын алуға және психологиялық тұрақтылықты нығайтуға бағытталған «Стрестен қорғану. Педагогтің күш-қуаты мен тыныштығы» тренингі ұйымдастырылды. Іс-шара педагогтердің психоэмоционалдық денсаулығын сақтауға, олардың күйзеліске төзімділігін арттыруға және қолайлы жұмыс атмосферасын қалыптастыруға ықпал етті. Педагогтердің психологиялық әл-ауқатын дамыту білім беру процесінің сапасына және оқытудың тиімділігіне оң әсер етеді.



2025 жылғы 19 желтоқсанда жас оқытушылар үшін күйзеліске төзімділікті дамытуға, эмоционалдық ресурсты сақтауға және кәсіби күйзелістің алдын алуға бағытталған «Ресурсты педагог: стрессті жеңу жолдары» тренингі өткізілді. Іс-шара өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыруға және ұжымда қолайлы психологиялық ахуалды сақтауға ықпал етті.

2025 жылғы 13 қарашада Shakarim High School білім алушылары үшін эмоционалдық тұрақтылықты, өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға және оқуға әрі тұлғалық дамуға деген оң көзқарасты қалыптастыруға бағытталған «Эмоциялық тұрақтылық пен болашаққа көзқарас» тренингі ұйымдастырылды. Іс-шара психологиялық дайындықты білім беру бағдарламасына кіріктіре отырып, білімді табысты меңгеруге және мектеп ортасына бейімделуге қолдау көрсетті. Бұл білім беру бастамаларының денсаулықты нығайтуға және оқыту тиімділігін арттыруға бір мезгілде ықпал ететінінің мысалы болып табылады.



Қараша айында ЛРО-305 тобының білім алушылары үшін коммуникациялық дағдыларды, қарым-қатынас мәдениетін, командалық өзара іс-қимылды дамытуға және студенттер арасында қолайлы ахуал қалыптастыруға бағытталған «Ортамен қарым-қатынас және өзінді тану» тренингі өткізілді. Іс-шара білім алушылардың әлеуметтік байланыстарын нығайтуға, эмоционалдық әл-ауқатын арттыруға және қолдаушы білім беру ортасын қалыптастыруға ықпал етті. Тиімді қарым-қатынас және сындарлы өзара іс-қимыл дағдыларын дамыту стресс деңгейін төмендетуге, студенттердің психикалық денсаулығын нығайтуға және олардың әлеуметтік бейімделуін арттыруға ықпал етеді.

2. Ғылыми және инновациялық қызмет

Ғылыми салада университет:

- ✓ геродиеталық және функционалдық тамақтану, тағам өнімдерінің биотехнологиясы және халықтың өмір сүру сапасын арттыру салаларында зерттеулер жүргізеді;
- ✓ аурулардың алдын алудың, денсаулықты сақтаудың және нығайтудың инновациялық әдістерін әзірлейді;
- ✓ студенттер мен жас ғалымдарды адам денсаулығына бағытталған практикалық бағдарланған жобаларға тартады.

ТДМ № 3 саласындағы ғылыми жобалар

1. [AP23485656](#) (2024-2026) «Семей өңіріндегі онкологиялық ауруларды талдау және емдеу бойынша ұсынымдар беру үшін нейрондық желі негізінде интеллектуалды жүйе әзірлеу».

2. Университет ғалымдары инновациялық [пробиотикалық капсула](#) әзірлеп, оның негізінде ішетін йогурт [жасады](#).

3. Интернационализация және халықаралық ынтымақтастық

ТДМ 3-ті іске асыру үшін университет:

- ✓ университет здравоохранение и здоровый образ жизни мәселелері бойынша халықаралық жобалар мен конференцияларға қатысады;
- ✓ аурулардың алдын алу және білім беру бағдарламаларын ұйымдастырудың үздік халықаралық тәжірибелерін енгізеді;
- ✓ биотехнологиялар, тамақтану және қоғамдық денсаулық сақтау, сондай-ақ өмір сапасын арттыру салаларында шетелдік жоғары оқу орындарымен және ғылыми орталықтармен ынтымақтасады.

4. Әлеуметтік даму және студенттік орта

Университет студенттер мен оқытушыларды денсаулықты нығайтуға бағытталған әлеуметтік маңызы бар бастамаларға белсенді түрде тартады:

- ✓ «Күміс университет» жобасы аясында қарт адамдарға арналған геродиеталық тамақтану бойынша сабақтар циклін өткізу;
- ✓ балалар мен студенттер үшін салауатты өмір салты бойынша волонтерлік бағдарламалар мен іс-шараларды ұйымдастыру;
- ✓ шеберлік сабақтары, олимпиадалар және ақпараттық-ағартушылық жобалар арқылы денсаулық мәдениетін насихаттау.



«Күміс университет» жобасы аясында Абай облысы КММ «Семей қаласының №2 арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» базасында «Шәкәрім университеті» КЕАҚ «Тағам технологиясы» кафедрасының оқытушылары Г.Т. Жұманова және Б.М. Кулуштаева [«Геродиеталық тамақтану» курсы бойынша сабақтар циклін өткізді](#). Оқыту бекітілген бағдарламаға сәйкес жүзеге

асырылды және егде жастағы адамдардың геродиеталық және рационалды тамақтану саласындағы білімдерін кеңейтуге және жүйелеуге бағытталды.

2025 жылғы 23 қаңтарда психология кафедрасының ПОҚ-ы университеттің барлық қызметкерлері үшін [психологиялық марафон](#) өткізді. Іс-шара барысында мамандар стресс деңгейін төмендетуге, эмоционалды күйзелістің алдын алуға және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға бағытталған практикалық жаттығулар өткізді. Қатысушылар тыныс алу жаттығуларының техникаларын, алаңдаушылықты басқару әдістерін, сондай-ақ жеке тұрақтылық пен психологиялық әл-ауқатты арттыру құралдарын меңгерді. Өткізілген марафон қызметкерлердің психикалық денсаулығын нығайтуға, олардың жұмысқа тартылуын арттыруға және ұжымда қолайлы жұмыс атмосферасын қалыптастыруға ықпал етті.



«Саламатты университет» жобасы аясында наркологиялық қызметтердің, ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес орталықтарының, сондай-ақ басқа да бейінді ұйымдардың өкілдерімен кездесулерді қамтитын [профилактикалық іс-шаралар](#) ұйымдастырылды. Іс-шаралар салауатты өмір салтын қалыптастыруға, студенттердің денсаулыққа төнетін қауіптер туралы хабардарлығын арттыруға және зиянды әдеттердің алдын алуға бағытталған.

2025 жылғы 26 қыркүйекте «Денсаулық күніне» орай университеттің Shakarim High School мектебінің 10–11 сынып оқушылары арасында салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған [спорттық жарыстар өткізілді](#). Іс-шара дене саулығын нығайтуға, командалық рухты дамытуға және тұрақты дене белсенділігіне деген әдетті қалыптастыруға ықпал етті.



[Бірінші сессияға дайындық](#) бойынша кеңестер студенттерге емтихан кезеңіне байланысты стресс пен алаңдаушылықты жеңуге көмектеседі. Іс-шара өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыруға, оқу мен демалыс арасындағы уақытты дұрыс бөлуге, сондай-ақ психологиялық әл-ауқатты сақтауға ықпал етеді. Бұл білім беру бастамаларының студенттердің академиялық дайындығын арттырумен қатар, олардың денсаулығына да қамқорлық жасай алатынының бір мысалы.

Қараша айында 180 студентке тәуелділіктің алдын алуға және салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған [«Нашақорлық, ішімдік, лудомания – заманауи індеттердің алдын алу»](#) тренингі өткізілді. Іс-шара студенттердің өзін-өзі бақылау, саналы мінез-құлық және өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау дағдыларын дамытады. Тренинг студенттік ортаның психологиялық және физикалық әл-ауқатын нығайтуға ықпал етеді.



Қараша айында 254 студентке репродуктивті денсаулық туралы білімді қалыптастыруға, аурулардың алдын алуға және жеке денсаулыққа жауапкершілікпен қарауды дамытуға бағытталған [«Репродуктивті денсаулық – жастар болашағының кепілі»](#) профилактикалық семинары өткізілді. Іс-шара студенттердің хабардарлығын арттыруға, денсаулықты нығайтуға және қауіпсіз әрі қолдаушы білім беру ортасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Семинар жастардың денсаулығы мен әл-ауқатын қолдай отырып, білім беру және әлеуметтік-профилактикалық мақсаттарды біріктіреді.

[«Футбол – студент жастар арасында бұқаралық спортты дамыту құралы» семинары](#) студенттердің дене белсенділігін арттыруға және өмірде футболды насихаттауға ықпал етті. Іс-шара университет өкілдерін, қалалық спорт ұйымдары мен мектеп өкілдерін біріктіріп, студенттік ортаны нығайтуға және салауатты өмір салтының құндылығын қалыптастыруға ықпал етеді.



5. Инфрақұрылым және ресурстар

ТДМ 3 мақсаттарын іске асыру үшін [университет дамытады:](#)

- ✓ қазіргі заманғы зертханалар мен тамақтану, биотехнологиялар және денсаулық сақтау салаларындағы зерттеулерге арналған оқу орталықтарын;
- ✓ дене шынықтырумен айналысуға арналған спорт нысандары мен рекреациялық аймақтарды, оның ішінде бассейнді;
- ✓ денсаулық және аурулардың алдын алу мәселелері бойынша білім беру және ағартушылық бағдарламаларға арналған цифрлық және әдістемелік ресурстарды;



2025 жылғы 4 қазанда ұйымдастырылған [көшпелі тимбилдинг](#) қызметкерлердің дене белсенділігін қолдауға, психикалық әл-ауқатын нығайтуға және ұжымның бірлігін арттыруға бағытталды. Командалық ойындар стрессті төмендетуге, өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға

және қызметкерлер арасындағы өзара әрекеттесуді жақсартуға ықпал етті. Тимбилдинг белсенді демалысты ұйымдастыру үшін университеттің оқу базасында өткізілді, бұл қызметкерлердің дене және психологиялық денсаулығын нығайтуға жағдай жасауға қамқорлық көрсететінін айғақтайды.

Қорытынды

«Шәкәрім университеті» КеАҚ-ның білім беру, ғылым және әлеуметтік жұмыс салаларындағы қызметі студенттердің, оқытушылардың және жергілікті қоғамдастықтың денсаулығы мен әл-ауқатын нығайтуға белсенді түрде ықпал етеді. Іске асырылып жатқан бағдарламалар, ғылыми зерттеулер мен әлеуметтік бастамалар денсаулықты тұрақты дамытуға жағдай қалыптастырады, бұл университеттің ТДМ 3 – «Жақсы денсаулық және әл-ауқат» мақсатына қол жеткізуге қосқан үлесін растайды.



**«ШӘКӘРІМ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ**

**ТДМ №4 – «Сапалы білім беру» мақсатына қол жеткізу
нәтижелері туралы
ЕСЕП
2025 жыл**

Семей, 2026



Кіріспе

«Шәкәрім университеті» КеАҚ-тың ТДМ 4 аясындағы қызметінің мақсаты – баршаға бірдей қолжетімді және әділ сапалы білім беруді қамтамасыз ету және барлығы үшін өмір бойы білім алу мүмкіндіктерін қолдау. [Халықаралық стандарттарға](#) сәйкес, ТДМ 4 аясында білім беру ұйымдары заманауи талаптарға сай білім беру бағдарламаларына қолжетімділікті қамтамасыз етуге, ғылыми-зерттеу және практикалық даярлау үдерістерін қолдауға, сондай-ақ студенттердің сыни ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамытуға міндеттенеді.

Университеттің 2025 жылға арналған Даму жоспарында білім беру бағдарламаларын жаңғырту, заманауи цифрлық және практикалық-бағдарланған оқыту әдістерін қолдану, сондай-ақ студенттердің ғылыми-зерттеу қызметіне қатысуын кеңейту арқылы білім беру үдерісін жетілдіруге ерекше назар аударылады. [Бұл іс-шаралар білім беру сапасын арттыруға](#), ішкі сапа жүйелерін нығайтуға және оқытудың озық тәсілдерін енгізуге бағытталған.

2025 жылы Shakarim University ТДМ 4 «Сапалы білім беру» мақсатын институционалдық даму стратегиясының негізгі бағыты ретінде іске асырды. Негізгі назар оқыту сапасын арттыруға, халықаралық бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етуге, инновациялық технологияларды интеграциялауға, академиялық еркіндік пен адалдықты нығайтуға, сондай-ақ студентке бағдарланған білім беру үдерісіне аударылды.

Негізгі стратегиялық міндеттер мыналарды қамтыды:

- ❖ білім беру бағдарламаларын халықаралық стандарттарға сәйкес жетілдіру;
- ❖ академиялық еркіндік пен адалдықты сақтау;
- ❖ инновациялық және цифрлық білім беру технологияларын енгізу;
- ❖ ғылым мен оқытудың интеграциясын күшейту;
- ❖ студенттердің қажеттіліктеріне бағытталған оқыту моделін дамыту.

1. Білім беру қызметі

✓ Еңбек нарығының сұраныстарына сәйкес мазмұны тұрақты жаңартылып отыратын нәтижеге бағытталған білім беру бағдарламаларын (Student-Centered Learning) іске асыру.

✓ Денсаулық мүмкіндіктері шектеулі адамдар мен шалғай өңірлерден келген студенттер үшін білім алудың қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында цифрлық платформалар мен онлайн-курстарды енгізу.

✓ «Өмір бойы білім алу» жүйесін дамыту: ересек тұрғындарға арналған қосымша кәсіптік білім беру, кәсіптік қайта даярлау және біліктілікті арттыру бағдарламаларын іске асыру.

2025 жылы университет білім беру бағдарламаларының сапасын арттыруға, цифрлық технологияларды интеграциялауға және халықаралық байланыстарды нығайтуға бағытталған іс-шаралар кешенін табысты іске


асырды. Университеттің ағымдағы жобалары, іс-шаралары мен бастамалары туралы деректер мен жаңалықтар [университеттің ресми сайтында](#) тұрақты түрде жарияланып отырады.

«Білім беру қызметтерінің ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер мен жеңілдіктер беру және Шәкәрім атындағы білім беру грантын тағайындау туралы» ережеге сәйкес студенттерге оқу ақысына 20%, 30%, 50% және 100% мөлшерінде жеңілдіктер берілді. Бұл шаралар білім алушылардың барлық санаттары үшін сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Білім беру сапасын арттыру бойынша стратегиялық міндеттер аясында 2025 жылы мынадай жұмыстар жүзеге асырылды:

- ✓ білім беру бағдарламаларын қазіргі еңбек нарығының талаптарын ескере отырып бейімдеу;
- ✓ құзыреттілік тәсіл негізінде оқыту нәтижелерін қайта қарау;
- ✓ оқу курстарындағы практикалық компоненттердің үлесін арттыру;
- ✓ өндірістік практикадан өту базаларын кеңейту;
- ✓ пәндердің мазмұнына цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект элементтерін енгізу.

Бұл өзгерістер университеттің цифрлық экономиканың заманауи сын-қатерлеріне және жұмыс берушілердің талаптарына жауап беруге ұмтылысын көрсетеді.



Shakarim University QS World University Rankings: Asia 2026 рейтингі бойынша Азияның үздік 500 университетінің қатарына еніп, [493-орынға ие болды](#) және өткен жылмен салыстырғанда өз позициясын 26 сатыға жақсартты. Бұл жетістік университеттің академиялық сапасының, халықаралық танылуының және ғылыми нәтижелілігінің артып келе жатқанын көрсетеді. Бұл табыс білім беру әлеуетін нығайтуға, университеттің беделін арттыруға және студенттердің академиялық жетістіктерге деген ынтасын арттыруға ықпал етеді.

Қыркүйек айында 354 студентке университеттік ортамен, білім беру бағдарламаларымен және қолдау ресурстарымен таныстыруға бағытталған [«Сәлем студент! Біз сен үшін осындамыз!» тренингі өткізілді](#). Іс-шара бірінші курс студенттерінің оқу үдерісіне бейімделуіне,



оқытушылармен және курстастарымен өзара қарым-қатынас орнатуына, сондай-ақ жайлы әрі қолайлы студенттік ортаны қалыптастыруға ықпал етеді. Тренинг студенттердің білім беру үдерісіне табысты кірігуіне және университет өміріне белсенді араласуына ықпал етеді.



Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы аясында Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің делегациясы оқытушылар мен студенттер құрамында Шәкәрім университетіне барды. Қонақтар Шәкәрім музейімен танысып, ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығын зерделеді, сондай-ақ Абайдың «Толық адам» ілімін тереңірек түсінуге мүмкіндік алды. Сапардың мақсаты – жастар арасында Абайдың рухани-адамгершілік құндылықтарын дәріптеу және туған жерге деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.

2025 жылы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2025» республикалық конкурсында университеттің екі оқытушысы «2025 жылдың үздік оқытушысы» наградасына ие болды. Бұл награда қызметкерлердің оқыту деңгейі мен ғылыми әлеуетінің мойындалғанын көрсетеді.

2024–2025 жылдардағы конкурстық іріктеу қорытындысы бойынша Шәкәрім университетінің төрт ғалымы мемлекеттік ғылыми стипендияға ие болды. Бағалау барысында үміткерлердің ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелілігі, ғылыми жобаларға жетекшілік етуі, ғылыми жарияланымдардың сапасы мен саны, сондай-ақ отандық ғылымның дамуына қосқан үлесі ескерілді.



Мемлекеттік ғылыми стипендия:

- ✓ Бекбаев Қайрат Серікжанұлы – техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, биоинженерлік жүйелер кафедрасының меңгерушісі.

- ✓ Талантты жас ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендия:

- ✓ Идырышев Берік Арыстанбекұлы – PhD, тағам технологиялары кафедрасының постдокторанты;

- ✓ Сүгірбай Әділет Мұхитұлы – PhD, ауыл шаруашылығы кафедрасының постдокторанты, конструкторлық бюроның жетекшісі;

- ✓ Тоқтарбай Елдос Нүсіпұлы – қазақ филологиясы кафедрасының гранттық жобалар бойынша ғылыми қызметкері.

2. Ғылыми және инновациялық қызмет

✓ Білім беру үдерісінің тиімділігін арттыру мақсатында педагогика, психология және оқыту әдістемелері салаларында зерттеулер жүргізу.

✓ Оқытуда жасанды интеллект пен иммерсивті орталарды (VR/AR) пайдалануды қоса алғанда, инновациялық білім беру технологияларын әзірлеу.

✓ Өңірдегі мектеп білімін қолдауға арналған ғылыми-әдістемелік базаны құру (бейіндік сыныптармен жұмыс, мұғалімдерді даярлау).



Шәкәрім университетінің [SemeyLand командасы](#) Халықаралық спорттық бағдарламалау чемпионатының (ICPC) облыстық кезеңінде 1-орын иеленді. Студенттер алгоритмдік дайындықтың жоғары деңгейін және командалық жұмыс шеберлігін көрсетіп, жартылай финалға жолдама алды. Бұл жетістік университет пен өңірдің инновациялық және ғылыми-техникалық әлеуетін нығайта түседі.

[Shakarim AI Check жобасы AI SANA Leaders](#)

ұлттық байқауында «Білім беру саласындағы үздік AI-жоба – академиялық адалдық» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды. Жүйе студенттік және ғылыми жұмыстардың түпнұсқалығын тексеру үшін жасанды интеллектті пайдаланып, білім беру үдерісінің ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз етеді, сондай-ақ академиялық адалдықты нығайту мақсатында өңірлік университеттерге енгізілуде.



Шәкәрім университетінде Физика-химиялық ғылымдар зерттеу мектебі мен «Химия және экология» кафедрасы ұйымдастырған [химия пәнінен облыстық олимпиада](#) өткізілді, оған Абай облысының 51 мектебі қатысты. Жеңімпаздар оқу гранттары мен жұлделі орындарға ие болды, оның ішінде «Jas Abay» мектебінің бітірушісіне бір жылдық оқу гранты берілді. Іс-шара жаратылыстану-ғылыми пәндерге қызығушылықты арттырып, талантты жастарды қолдайды және өңірдің ғылыми-білім беру ынтымақтастығын нығайтады.

3. Интернационалдандыру және халықаралық ынтымақтастық

✓ Білім беру саласындағы халықаралық рейтингтерге (Тұрақты даму мақсаттары бойынша THE Impact Rankings, 4-мақсат) қатысу.

✓ Шетелдік университеттермен академиялық ұтқырлық және қос дипломды білім беру бағдарламаларын іске асыру.

✓ Бейімдеу білім беру курстары арқылы босқындар мен мигранттар арасында сауаттылық пен кәсіби дағдыларды дамытуға ықпал ету.




Шәкәрім университеті мен TUIT жасанды интеллект және цифрлық технологиялар саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды, бұл халықаралық академиялық байланыстарды нығайтады. Меморандум университеттер арасында бірлескен стратегиялық жобаларды жүзеге асыруға және тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді.

Шәкәрім университетінде эпидемиология және зооноздық инфекциялар бойынша халықаралық сарапшы, профессор Пол Торгерсонның (Цюрих университеті, Швейцария) ашық дәрісі өтті. Іс-шара ғылыми тәжірибе алмасуға, студенттер мен оқытушыларды әлемдік зерттеу әдістерімен таныстыруға және ветеринария мен медицина саласындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға ықпал етті.



Университеттің ТДМ-ға қол жеткізудегі рөлін растайтын көрсеткіш ретінде Shakarim University алғаш рет Times Higher Education Impact Rankings 2025 жаһандық рейтингіне енді, онда жоғары оқу орындарының БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесі бағаланды және университет 17 ТДМ-ның 13-і бойынша көрсеткіштерге ие болды, оның ішінде №4 ТДМ (Сапалы білім) бойынша әлемдік рейтингке қатысушылар арасында 801–1000 аралығындағы орынға ие болды.





Шәкәрім университеті белсенді ұзақ өмір сүру және өмір бойы білім беру бағытындағы университеттердің халықаралық қауымдастығының (AIUTA) қауымдастырылған мүшесі атанды, бұл егде жастағы азаматтарға арналған білім беру, шығармашылық және әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруға жаңа мүмкіндіктер ашады. Университет халықаралық ынтымақтастықты нығайтып, «Күміс университет» бағдарламаларын кеңейте отырып, егде жастағы адамдарға білім алуға және әлеуметтік белсенділікке қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Бұл қадам интернационалдандыру стратегиясын көрсетіп, университеттің өңірлік және халықаралық деңгейдегі ұстанымын нығайтады.

Белсенді халықаралық ынтымақтастық білім беру сапасын қамтамасыз етудің маңызды элементі болып табылады. Университет АҚШ, Германия, Қытай, Жапония, Түркия, Польша және басқа да елдердің жоғары оқу орындарымен серіктестік қатынастарды қолдайды, бұл студенттердің білім алу және ғылыми мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етеді.

2024–2025 оқу жылында университет академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университетінің делегациясын қабылдады.

Делегация құрамында:

Шахмурова Гүлнара Абдуллаевна — зоология және анатомия кафедрасының меңгерушісі, биология ғылымдарының докторы, профессор, ғылым және білім беру саласында 38 жылдан астам тәжірибесі бар.

Делегация студенттері:

- ✓ «География-Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша (6B01512) – 1 студент;
 - ✓ «Химия-Биология» білім беру бағдарламасы бойынша (6B01509) – 2 студент;
 - ✓ «Биология» білім беру бағдарламасы бойынша (6B01510) – 3 студент.
- Екі апта бойы қонақтар университет өміріне белсенді қатысты:
- ✓ студенттер мен оқытушылар арасында тәжірибе алмасу;
 - ✓ дәрістер мен ғылыми пікірталастар өткізу;
 - ✓ оқытушыларымыздың дәрістері мен семинарларына қатысу.



Өнеркәсіп пен технологиялардағы әйелдердің [II Халықаралық конгресі](#) (Астана, 2025 жылғы 8–9 желтоқсан) – әйелдерді өнеркәсіпке интеграциялау, тәлімгерлік және тұрақты даму мәселелері талқыланды. Қатысушы – Шәкәрім Университетінің «Техникалық физика және жылу энергетикасы» кафедрасының меңгерушісі Степанова И.О.

Студенттердің кампусты декарбонизациялауға бағытталған стартаптары мен зерттеу жобалары энергия тұтынуды азайтуға және жаңартылатын энергия көздеріне көшуге ықпал етеді. Шәкәрім университетінің студенттері мен оқытушылары [«Таза Қазақстан»](#) бастамасын белсенді қолдап, экологиялық мәдениетті дамытып, жасыл кампус қалыптастыруда. Мұндай қызмет университеттің энергетикалық инфрақұрылымының тұрақтылығын арттырып, көміртегі ізін қысқартуға ықпал етеді.



Үлес: өңірдің тұрақты дамуына ықпал ететін және халықаралық стандарттарға сәйкес келетін (THE Impact Rankings: Research; QS SDGs: Research Impact) ғылыми негізделген шешімдерді қалыптастыру.

3. Интернационалдандыру және халықаралық ынтымақтастық

Білім беру және ғылыми қызметтің сапасын арттыру мақсатында университет:

- ✓ тұрақты энергетика бойынша халықаралық жобалар мен гранттарға қатысады;
- ✓ шетелдік университеттермен студенттер мен оқытушылар алмасуын қолдайды;
- ✓ энергия тиімділігі мен декарбонизацияның үздік әлемдік тәжірибелерін енгізеді;
- ✓ прогресті мониторингтеу және нәтижелерді бағалау үшін халықаралық рейтингтер мен индикаторларды (QS SDGs, THE Impact Rankings) пайдаланады.



2025 жылғы 18 желтоқсанда «Шәкәрім университеті» КеАҚ өкілдері Бұхара қаласында, Өзбекстанда өткен [Achievements in Applied Physics and Mathematics – 2025 \(AAPM-2025\) IV Халықаралық конференциясына](#) қатысты. «Жылу энергетикасы» ББ 4-курс студенті Қадырболат Нұрлат Ерболұлы электролитті-плазмалық беріктендірудің 45 болатының қасиеттеріне әсері туралы баяндама жасады. Жұмыс энергия және ресурстарды үнемдейтін технологиялардың әлеуетін көрсетеді және Springer Proceedings in Physics сериясында (Scopus, Q4) жариялауға қабылданды, бұл халықаралық деңгейде мойындалғанын растайды.

Нәтижесі: жаһандық ынтымақтастық желісін дамыту, халықаралық тәжірибені тарту және университеттің тұрақты даму орталығы ретіндегі беделін нығайту.

4. Әлеуметтік даму және студенттік орта

Университет студенттер мен қызметкерлер арасында энергия мен суды ұтымды пайдалануға арналған бағдарламаларды енгізу арқылы экологиялық жауапкершілік мәдениетін қалыптастырады.



Шәкәрім университеті экологиялық мәдениетті қалыптастыру және жасыл болашаққа үлес қосу мақсатында 2025 жылғы 19 қыркүйекте [«Green Transportation Initiatives»](#) атты бір күндік акция ұйымдастырды.

Бас ғимараттың автотұрағында электр көліктерін зарядтауға арналған инфрақұрылым орнатылды.

Студенттерді жобаларға тартуға арналған білім беру бастамалары. Шәкәрім университетінде [агроөнеркәсіптік кешен өнімдерін валоризациялау жөніндегі ғылыми-практикалық орталықтың жұмысы](#) жанданды. Орталықтың мақсаты — ауыл шаруашылығы өнімдерінің құндылығын арттыру және экологиялық таза, жоғары сапалы өнімдер жасау. Ғылыми орталық органикалық қалдықтардан әртүрлі биологиялық өнімдер алу және оларды тамақ өнімдерін өндіру процестерінде қолдану бойынша зерттеулер жүргізеді.



Әсері: экологиялық саналы қоғамдастық қалыптастыру, студенттердің ТДМ 7-ге қол жеткізуге қатысуын ынталандыру.

5. Инфрақұрылым және ресурстар

Университет энергия тиімділігі мен жаңартылатын энергия көздеріне басымдық бере отырып, инфрақұрылымды белсенді түрде жаңғыртуда:

Энергия тиімділігі бойынша іс-шаралар:

- ✓ LED-жарықтандыру және қозғалыс датчиктері;
- ✓ жылыту, желдету және кондиционерлеу жүйелерін оңтайландыру;
- ✓ терезе блоктарын герметизациялау және ауыстыру, жылу алмастыру

тораптарын орнату;

- ✓ инженерлік желілерді автоматтандыру.

Жаңартылатын энергия:

- ✓ кампус шатырында қуаты 50 кВт күн электр станциясының жобасы
- ✓ жылу сорғылары технологияларын зерттеу және енгізу;
- ✓ ұзақ мерзімді мақсат — университеттің энергетикалық

теңгеріміндегі ЖЭК үлесін арттыру.

Экономикалық әсері:

- ✓ энергия тұтыну мен пайдалану шығындарын азайту;
- ✓ іс-шаралардың өзін-өзі ақтау мерзімі — 0,6-дан 5 жылға дейін;
- ✓ энергия ресурстарына үнемделген қаражат экологиялық және

инновациялық жобаларға қайта бағытталады.

ТДМ 7-ге қосқан үлесі: көміртегі ізін азайту, ресурстарды ұтымды пайдалану, «жасыл» кампус құру, тұрақты дамудың халықаралық стандарттарына сәйкестік.

Қорытынды


«Шәкәрім университеті» КеАҚ ТДМ 7 «Қолжетімді және таза энергияны» іске асыру аясында энергия тиімділігі, жаңартылатын энергия көздерін енгізу, инфрақұрылымды жаңғырту бағыттарын, сондай-ақ тұрақты энергетика саласындағы ғылыми-зерттеу және білім беру қызметін кеңейтуді дәйекті түрде дамытып келеді. Іске асырылып жатқан шаралар көміртегі ізін азайтуға, энергия тұтынуды оңтайландыруға және экологиялық жауапты университеттік ортаны қалыптастыруға мүмкіндік береді. Халықаралық стандарттарды интеграциялау, инновациялық жобаларды дамыту және студенттердің ғылыми және жобалық қызметке белсенді қатысуы «жасыл» экономика үшін білікті мамандар даярлауды қамтамасыз етеді. Осылайша, университет ТДМ 7-ге қол жеткізуге елеулі үлес қосып, тұрақты даму және экологиялық инновациялар орталығы ретіндегі рөлін нығайтады.



**«ШӘКӘРІМ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ**

**ТДМ №8 «Лайықты еңбек және экономикалық өсу»
мақсатына қол жеткізілген нәтижелер туралы
ЕСЕП
2025 жыл**

Семей, 2026



Кіріспе

«Шәкәрім Университеті» КеАҚ-ның ТДМ 8 шеңберіндегі қызметінің мақсаты – студенттердің кәсіби құзыреттерін дамытуға жағдай жасау, еңбек ұтқырлығын арттыру және өңірдің экономикалық өсуіне ықпал ету.

Университеттің негізгі міндеттеріне мыналар жатады:

- ❖ қазіргі еңбек нарығының талаптарына сәйкес келетін сапалы кәсіби білім беруді қамтамасыз ету;
- ❖ экономиканың өсуіне және жаңа жұмыс орындарын құруға ықпал ететін ғылыми және инновациялық қызметті дамыту;
- ❖ экономиканың өсуіне және жаңа жұмыс орындарын құруға;
- ❖ тәжірибе және жұмысқа орналасудың үздік тәжірибелерімен алмасу үшін халықаралық ынтымақтастықты қалыптастыру;
- ❖ студенттердің кәсіби даярлығы мен мансаптық дамуын қолдайтын инфрақұрылым мен ресурстарды дамыту.

1. Білім беру қызметі

Университет еңбек нарығында жоғары бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға бағытталған білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады:

- ✓ практикалық курстар мен зертханалық жұмыстар жұмыс берушілер тарапынан сұранысқа ие кәсіби дағдыларды қалыптастырады;
- ✓ кәсіпкерлік және мансаптық даму бойынша тренингтер, семинарлар мен шеберлік сабақтары ұйымдастырылады;
- ✓ студенттерге кәсіби әлеуетін арттыратын тағылымдамалар мен практикаларға қатысу мүмкіндігі беріледі.



Шәкәрім университетінің өкілдері С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінде өткен [«Серпін» бағдарламасы бойынша мансап орталықтарының республикалық семинар-форумына](#) қатысты. Форумда гранттар бойынша түлектердің міндеттемелерін орындаудың тиімді тетіктері, жоғары оқу орындарының тәжірибе алмасуы және жас мамандарды қолдау мәселелері талқыланды, форум түлектерді жұмысқа орналасуға дайындауға, жұмысқа орналасу және мансапты дамыту бойынша тәжірибе алмасуға, сондай-ақ жас мамандарды еңбек нарығына тиімді интеграциялау үшін жағдай жасауға бағытталды.

Shakarim University-де Абай облысының кадрларға қажеттілігінің өңірлік картасын әзірлеу бойынша форсайт-сессиясы өтті. Іс-шара барысында сұранысқа ие мамандықтарды анықтауға, жаңа құзыреттерді бағалауға және мамандарды даярлау жүйесін өңірдің өзекті экономикалық талаптарына бейімдеуге мүмкіндік туды. Қорытындысы бойынша стратегиялық жоспарлау және еңбек нарығын дамыту үшін ғылыми-талдамалық құжат дайындалады.



2. Ғылыми және инновациялық қызмет

Ғылыми салада университет:

- ✓ экономикалық өсуге және өндірістік процестерге заманауи технологияларды енгізуге ықпал ететін инновациялық жобаларды дамытады;
- ✓ жаңа жұмыс орындарын құруға және экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған студенттер мен оқытушылардың зерттеу қызметін қолдайды;
- ✓ қолданбалы жобаларды іске асыру үшін кәсіпорындармен және өнеркәсіптік серіктестермен ынтымақтастық орнатады.



Шәкәрім университетінде мақсаты қой шаруашылығын жаңғырту, мемлекеттік қолдауды тиімді пайдалану, қой шаруашылығының экспорттық әлеуетін арттыру, агроөнеркәсіптік бизнесті дамыту және инвестициялар тарту болып табылатын халықаралық семинар-кеңес өтті. Бұл жұмыс жаңа жұмыс орындарын құруға және өңірдің экономикалық дамуына ықпал етеді. Қазақстан мен Пәкістан ғалымдары тәжірибе алмасып, отандық агросекторды дамыту жолдарын талқылады.

3. Интернационалдандыру және халықаралық ынтымақтастық

ТДМ 8-ге қол жеткізу үшін университет:

- ✓ еңбек дағдылары мен кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған халықаралық білім беру және ғылыми жобаларға қатысады;
- ✓ құзыреттер мен еңбек ұтқырлығын арттыру мақсатында шетелдік жоғары оқу орындарымен студенттер мен оқытушылар алмасуын ұйымдастырады;
- ✓ жұмысқа орналастыру мен мансапты дамыту бойынша үздік халықаралық тәжірибелерді оқу үдерісіне енгізеді.

Шәкәрім университеті WSG университетінің (Быдгощ, Польша) филиалында қос диплом бағдарламасы бойынша білім алып жатқан студенттермен кездесу өткізді, онда студенттер оқу тәжірибесімен бөлісіп, бағдарламаның болашақ қатысушыларына ұсыныстар беріп, стартап-жобаларды іске асыру мүмкіндіктерін талқылады. Қос диплом бағдарламасы студенттерге халықаралық тәжірибе жинақтауға, кәсіби білімдерін кеңейтуге және табысты мансапқа дайындалуға мүмкіндік береді. Университет студенттердің бастамаларын қолдап, академиялық ұтқырлықты дамытуға ықпал етеді. Студенттердің халықаралық білім беру бағдарламаларына қатысуы олардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырып, кәсіби дағдылары мен кәсіпкерлік ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді.




Шәкәрім университетіне 1994 жылғы түлегіміз, «UNIVERSAL SM» ЖШС директоры Жандос Тұрсынғалиұлы бірқатар қытайлық әріптестерімен бірге келді. Делегация жаңа бастамаларды жүзеге асыру үшін өндірістік және технологиялық мүмкіндіктерді біріктіру бойынша бірлескен жобалардың перспективаларын, сондай-ақ студенттер мен жас мамандарға тағылымдамалар ұйымдастыру мәселелерін талқылады. Бұл сапар университет, отандық бизнес және халықаралық серіктестер арасындағы ұзақ мерзімді ынтымақтастыққа жасалған нақты қадам болды.

4. Әлеуметтік даму және студенттік орта

Университет студенттердің кәсіби және әлеуметтік дамуына жағдай жасайды:

- ✓ жұмыс берушілердің қатысуымен бос жұмыс орындары жәрмеңкелерін, мансап күндерін және шеберлік сабақтарын ұйымдастыру;
- ✓ жаңа жұмыс орындарын құруға бағытталған студенттік бастамалар мен стартаптарды қолдау;
- ✓ студенттерді кәсіпкерлікті және еңбек қызметі дағдыларын дамытуға ықпал ететін жобаларға тарту.

Shakarim University-де бітіруші курс студенттеріне мемлекеттік білім беру гранттарын өтеу міндеті мәселелері бойынша онлайн-сессия өтті. Қатысушылар жұмысқа орналасу, өңірлердегі сұранысқа ие мамандықтар, сондай-ақ міндеттемені кейінге қалдыру немесе одан босату шарттары туралы түсініктемелер алды. Іс-шара жас мамандарды еңбек нарығына шығуға дайындауға және олардың кәсіби ұтқырлығын арттыруға ықпал етті.



12 мамыр 2005 ж. ҚР [Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Абай облысы бойынша департаментінің өкілі Т. Зулхаров](#) Шәкәрім университетінің Жоғары бизнес мектебінің бітіруші курс студенттерімен кездесті. Кездесу барысында болашақ түлектерге мемлекеттік қызметке қабылдану тәртібі, мансаптық өсу жолдары және жас мемлекеттік қызметшілер үшін мүмкіндіктер туралы ақпарат берілді.

2025 жылғы 12 қарашада ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Абай облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Қайрат Нұрғазыұлы Сапарғалиевпен 3–4 курс студенттерінің кездесуі өткізілді.




«[Мемлекеттік секторға таланттарды іздеу және тарту](#)» жобасы аясында студенттермен кәсіби бағдар беру және мемлекеттік сектордағы мансаптық мүмкіндіктерді талқылау мақсатында кездесу өткізілді. Іс-шара студенттердің дағдыларын дамытуға және еңбек қызметіне дайындалуына ықпал етеді.

5. ТДМ 8-ге арналған инфрақұрылым және ресурстар

ТДМ 8 іске асыру үшін университет келесі салаларды дамытады:

- ✓ студенттерге арналған мансаптық даму орталықтары мен консультациялық қызметтерді;
- ✓ практикалық даярлық пен стартап-жобаларға арналған зертханалар мен инновациялық коворкингтерді;
- ✓ экономикалық өсуді қолдайтын тағылымдамалар, практикалар және кәсіпкерлік бастамаларға арналған ресурстарды.

Шәкәрім университетінде түлектер мен студенттерге арналған CareerAI мансаптық дамудың интеллектуалды ұсынымдық жүйесі жұмыс істейді. Платформа пайдаланушылардың жеке құзыреттерін ескере отырып, өзекті бос жұмыс орындарын, кәсіби іс-шаралар мен мансаптық мүмкіндіктерді таңдауға мүмкіндік береді. Бұл бастама түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін арттыруға және лайықты жұмыспен қамтуға жағдай жасауға ықпал етеді.



Қорытынды

«Шәкәрім университеті» КеАҚ білікті мамандар даярлау, кәсіпкерлікті қолдау және лайықты еңбек ету мүмкіндіктерін құру бағытында белсенді жұмыс жүргізуде. Аталған іс-шараларды іске асыру ТДМ 8 – Лайықты жұмыс және экономикалық өсу мақсатына қол жеткізуге ықпал етіп, өңірде тұрақты экономикалық және білім беру ортасын қалыптастырады



**«ШӘКӘРІМ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ**

**ТДМ № 9 – «Индустрияландыру, инновациялар және инфрақұрылым»
мақсатына қол жеткізу нәтижелері туралы
ЕСЕП
2025 жыл**

Семей, 2026



Кіріспе

ТДМ 9 аясында университет қызметінің мақсаты – тұрақты ғылыми-білім беру инфрақұрылымын дамыту, инновацияларды қолдау және білім беру мен зерттеу үдерістеріне заманауи технологияларды енгізу. Негізгі міндеттерге инженерлік-техникалық білім беруді дамыту, қолданбалы сипаттағы ғылыми зерттеулерді ынталандыру, сондай-ақ университеттің материалдық-техникалық базасын заманауи талаптарға сәйкес нығайту жатады.

1. Білім беру қызметі

Университет экономиканың индустриялық және инновациялық дамуы үшін мамандар даярлауға бағытталған білім беру бағдарламаларын іске асырады.

Оқу үдерісіне белсенді түрде енгізіледі:

- ✓ заманауи инженерлік және техникалық пәндер;
- ✓ зертханалық және цифрлық жабдықтарды пайдалана отырып өткізілетін практикалық-бағдарланған сабақтар;
- ✓ қолданбалы технологиялық міндеттерді шешуге бағытталған жобалық оқыту.



Shakarim University ғылыми-талдау тобы ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыру мақсатында Абай облысының [Бесқарағай ауданында геодезиялық іздестіру жұмыстарын](#) жүргізіп, топыраққа талдау жасады. Зерттеу нәтижелері жергілікті фермерлерге негізделген шешімдер қабылдауға және жер ресурстарын тиімді басқаруға ықпал етеді. Жоба сонымен қатар студенттер мен жас ғалымдарға қолданбалы ғылыми зерттеулер саласында практикалық тәжірибе алуға мүмкіндік берді.

2. Ғылыми және инновациялық қызмет

Ғылыми және инновациялық қызмет аясында университет:

- ✓ техникалық, жаратылыстану және қолданбалы ғылымдар салаларында зерттеулер жүргізеді;
- ✓ жаңа технологияларды енгізуге және өндірістік үдерістердің тиімділігін арттыруға бағытталған инновациялық жобаларды дамытады;
- ✓ студенттер мен жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына және стартап-жобаларға қатысуын қолдайды.

Зерттеу нәтижелері практикалық қолдануға және өңірдің инновациялық ортасын дамытуға бағытталған.

«Отандық тұқым шаруашылығы» атты дөңгелек үстел өсімдіктердің инновациялық сорттарын және тұқым шаруашылығының заманауи технологияларын енгізу саласында білім мен тәжірибе алмасуға ықпал етті. Іс-шара университеттің ғылыми-зерттеу базасын дамытуға, практикалық инновацияларды мамандар даярлау және саланы дамыту үдерісіне ықпалдастыруға қолдау көрсетеді. Бұл академиялық және зерттеу қызметінің ғылыми инфрақұрылымды нығайтуға және инновацияларды енгізуге ықпал ететінінің бір мысалы.



Шәкәрім университетінде Қазақстандағы алғашқы AI-Sana Shakarim Solveathon: AI&Agriculture-2025 – студенттер, жас ғалымдар және стартап-командаларға арналған нақты ауыл шаруашылығы мәселелерінің прототиптерін әзірлеуге бағытталған үш күндік инновациялық марафон өтті. Іс-шараға еліміздің сегіз университетінен командалар қатысты, ал жеңімпаздар үздік шешімдері үшін жүлдеге ие болды. Солватон инновациялық ойлауды дамытуға, жасанды интеллект технологияларын агросекторға ықпалдастыруға және болашақ мамандардың білімді практикада қолдану дағдыларын нығайтуға ықпал етеді.

Университет 2026–2028 жылдарға арналған ғылыми зерттеулер нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын (ҒЗЗНТ) гранттық қаржыландыруға климаттық тұрақтылықты арттыруға бағытталған 5 өтінім берді. Жобалар бизнес-құрылымдармен бірлесіп іске асырылып, инновациялық экологиялық шешімдерді әзірлеуге жетекші ғылыми қызметкерлер тартылуда. Бұл ғылымды, инновацияларды және тұрақты даму мен климаттың өзгеруіне қарсы күреске бағытталған практикалық іс-шараларды ықпалдастыруға ықпал етеді.

Шәкәрім университетінің Инжинирингтік орталығында тозған тау-кен жабдықтарының бөлшектерін плазмалық балқытып қаптау әдісімен қалпына келтіру технологиясы зерттелуде. Зерттеулер Шынарбек Айбек Бақытжанұлының жетекшілігімен «Материалтану және материалдар бетінің модификациясы. Электролитті-плазмалық технологиялар» зертханасында жүргізілуде. Бұл технологияны қолдану бөлшектердің қызмет ету мерзімін ұзартуға, оларды ауыстыру шығындарын азайтуға және импортқа тәуелділікті төмендетуге мүмкіндік беріп, инновациялық өндірістік шешімдерді дамытуға ықпал етеді.





Шәкәрім университетінде минералдық-шикізат учаскелерін болжамды іздеу үшін жасанды интеллект пен қашықтықтан зондтауды қолдану бойынша [ғылыми семинар](#) өтті. Ғалымдар мен студенттер геологиялық барлау мен жасанды интеллект негізінде модельдеуді цифрландырудың жаңа технологияларын талқылап, ғылым мен білімнің ықпалдастығын нығайтты.

Шәкәрім университетінде Қазақстан Президентінің [«Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан»](#) атты Жолдауына арналған ашық алаң ұйымдастырылып, студенттерді, оқытушыларды және сарапшыларды жасанды интеллектіні дамыту, цифрлық технологияларды енгізу және инновациялық шешімдерді қолдау мәселелерін талқылау үшін біріктірді. Іс-шара қатысушылардың құзыреттерін арттыруға, ұсыныстар алмасуға және білім беру мен ғылыми салалардағы бастамаларды ынталандыруға ықпал етті.



«AI project. Саланы өзгертетін инновациялық идеялар» тақырыбында Шәкәрім университетінде [студенттік идеялар байқауы](#) өтті, оған 6 команда қатысты. Байқау студенттерге шығармашылық әлеуетін дамытуға және жасанды интеллект технологияларын пайдалана отырып, түрлі салаларды цифрландыру мен автоматтандыруға арналған жобаларын ұсынуға мүмкіндік берді. Жұмыстар университеттік AI-платформалардан бастап логистика мен қалалық ағындарды талдауға дейінгі бағыттарды қамтып, қатысушылардың елдің цифрлық трансформациясына үлес қосуға дайындығын көрсетті.

Шәкәрім университетінің Science университетінің PhD, профессоры және конструкторлық бюро жетекшісі [Әділет Сүгірбай Semei телеарнасындағы «Елге сәлем»](#) бағдарламасының қонағы болды. Эфир барысында ол Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенін дамыту және инновациялық технологиялардың рөлі туралы өз пікірін білдірді. Оның жетекшілігімен конструкторлық бюро ауыл шаруашылығы техникасын жетілдірумен, атап айтқанда картоп отырғызатын машиналарды, сондай-ақ егістік және мал шаруашылығы жұмыстарын оңтайландыруға және суды тиімді пайдалануға арналған интеллектуалды құрылғыларды әзірлеумен айналысады.





«EDUSUMMER: Озық тәжірибе – ортақ даму» жазғы мектебі

Шәкәрім университетінде сәтті аяқталып, қатысушыларға тәжірибе алмасуға, заманауи білім беру әдістерін меңгеруге және инновациялық ойлауды дамытуға мүмкіндік берді. Бағдарлама цифрлық трансформация, жасанды интеллект, МООС, ғылыми белсенділік және халықаралық ықпалдастық бағыттарын қамтыды, ал практикумдар қатысушыларға өздерінің жобалық ұсыныстарын әзірлеп, қорғауға мүмкіндік берді. Іс-шара педагогтердің кәсіби құзыреттерін дамытуға, жаңа идеяларды қалыптастыруға және университет экожүйесінде стартап мәдениетін қалыптастыруға ықпал етті.

3. Интернационалдандыру және халықаралық ынтымақтастық

ТДМ 9-ға қол жеткізу үшін университет:

- ✓ халықаралық ғылыми және білім беру жобаларына қатысады;
- ✓ технологиялар мен инженерия саласында шетелдік университеттермен және ғылыми орталықтармен ынтымақтастықты дамытады;
- ✓ білім беру және зерттеу қызметіне халықаралық тәжірибе мен стандарттарды енгізеді.

Бұл технологиялар трансферіне және мамандарды даярлау сапасын арттыруға ықпал етеді.

Шәкәрім университетінің делегациясы ҚР Ұлттық ядролық орталығына барды. Сапар барысында атом энергетикасы, радиациялық қауіпсіздік және ядролық материалдармен жұмыс істеу технологиялары салаларында білікті кадрлар даярлау мәселелері талқыланды. Кездесу бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу, дуальды оқыту жүйесін енгізу және студенттердің орталықтың ғылыми-зерттеу жобаларына қатысу мәселелерін қамтыды. Ынтымақтастық студенттердің кәсіби дағдыларын нығайтып, академиялық даярлықты өндірістік практикамен ықпалдастырады және елдің стратегиялық маңызды ғылыми-техникалық әлеуетін дамытуға ықпал етеді.





Шәкәрім университетінің докторанттары [Ығдыр университетінде халықаралық тағылымдамадан](#) өтті, онда молекулалық сутекті ықпалдастыра отырып, тамақ өнеркәсібіндегі лигноцеллюлозалық жанама өнімдерді өңдеу технологияларын зерттеді. Бұл бірлескен жоба Қазақстан мен Түркия арасындағы ғылыми ынтымақтастықты нығайтып, «жасыл» экономиканы және экологиялық тиімді шешімдерді дамытуға ықпал етеді.


Шәкәрім университеті – академиялық дәстүрлерді заманауи ғылыми тәсілдермен үйлестіретін Абай облысының жетекші жоғары оқу орны. [«Агротехнопаркте»](#) лактобактериялар, бифидобактериялар және биологиялық белсенді қоспалары бар препараттарды алу бойынша зерттеулердің толық циклдері жүргізіледі, ал заманауи ПТР-зертхана микробиологиялық, химиялық және радиациялық зерттеулерді нақты уақыт режимінде жүргізуге мүмкіндік береді. Бұл зертханалар студенттерге зерттеу дағдыларын дамытуға, іргелі ғылыми зерттеулерге қатысуға мүмкіндік беріп, оларды халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті болуға дайындайды.



4. ТДМ 9-ға арналған инфрақұрылым және ресурстар

Для реализации целей ЦУР 9 университет развивает:

- ✓ заманауи зертханалық және зерттеу инфрақұрылымын;
- ✓ цифрлық білім беру платформалары мен ақпараттық ресурстарды;
- ✓ ғылыми зерттеулер мен инновациялық қызметті жүргізуге арналған материалдық-техникалық базаны.



2025 жылғы 4 мамырда өткен [«INNOVATE SHAKARIM UNIVERSITY» халықаралық форумы](#) студенттер мен қызметкерлердің ғылыми және стартап-жобаларын, соның ішінде азық-түлік ресурстары мен күн энергиясы саласындағы инновацияларды таныстырды. Форум аясында университет аумағын көгалдандыру бойынша үш жылдық жоба іске қосылды, бұл инфрақұрылымды жақсартып, білім беру мен зерттеу үшін тұрақты орта қалыптастырады. Іс-шара білім беруді, ғылымды және инфрақұрылымдық дамуды біріктіріп, инновациялық шешімдерді енгізуге және экологиялық мәдениетті қалыптастыруға ықпал етеді.

Шәкәрім университетінің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері [Семей ядролық медицина және онкология орталығына](#) барды, онда дуальды оқыту бағдарламалары және магистранттарды даярлау жүзеге асырылады. Ынтымақтастық физика, медицина және инженерлік технологияларды ықпалдастырып, медициналық физика саласының мамандарын даярлауға мүмкіндік береді. Мұндай бастамалар ғылым мен практиканы біріктіріп, инновациялық кадрларды дамытуға және университеттің бейінді орталықтармен серіктестік байланыстарын нығайтуға ықпал етеді.



[Шәкәрім университетінің оқу корпустарында жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін](#) студенттер, оқытушылар және университет қонақтарына арналған заманауи коворкинг-орталық ашылды. Жаңартылған инфрақұрылым оқу корпустарын, спорт кешенін және заманауи зертханаларды қамтып, білім беру, ғылыми және сабақтан тыс қызмет үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

Бұл жобаны іске асыру цифрлық трансформацияға, инфрақұрылымды жаңғыртуға және білім беру сапасын арттыруға бағытталған университеттің стратегиялық бағытының бір бөлігі болып табылады.



[Шәкәрім университетінде профильді шыны конструкцияларын құрастыруға](#) арналған жаңа цех ашылды, ол әртүрлі өлшемдегі пластикалық терезелер өндіруге арналған заманауи жабдықтармен жабдықталған. Цех университет ғимараттарындағы ескірген терезелерді жаңартып қана қоймай, құрастыру және орнату технологияларын практикалық тұрғыда пысықтауға арналған алаң қызметін атқарады. Бұл университет инфрақұрылымын нығайтып, білім беру ортасына инновациялық шешімдерді енгізуге ықпал етеді.

Қорытынды

Шәкәрім университетінің білім беру, ғылым және инфрақұрылымдық даму салаларындағы қызметі тұрақты инновациялық ортаны қалыптастыруға ықпал етеді. Іске асырылып жатқан шаралар университеттің ТДМ 9 – Индустрияландыру, инновациялар және инфрақұрылым мақсатына қол жеткізуге, сондай-ақ өңірдің ғылыми-техникалық әлеуетін дамытуға қосқан үлесін көрсетеді.



**«ШӘКӘРІМ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ**

**ТДМ № 10 – «Теңсіздікті азайту»
мақсатына қол жеткізу нәтижелері туралы
ЕСЕП
2025 жыл**

Семей, 2026



Кіріспе

ТДМ 10 іске асыру аясында университеттің мақсаты – әлеуметтік мәртебесіне, материалдық жағдайына және басқа да факторларға қарамастан, білім алушылардың барлық санаттарына сапалы білім алуға, әлеуметтік қолдауға және кәсіби дамуға тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету.

Университеттің міндеттеріне мыналар жатады:

- ❖ әлеуметтік осал топтардың білім алуға қолжетімділігін кеңейту;
- ❖ қаржылық қолдау мен жеңілдіктер ұсыну;
- ❖ инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыру;
- ❖ әлеуметтік жауапкершілікті және студенттердің өзін-өзі жүзеге асыруы үшін тең мүмкіндіктерді дамыту.

1. Білім беру қызметі – білім беру бағдарламаларын іске асыру

Университетте білім беру қызметтеріне ақы төлеу бойынша жеңілдіктер мен жеңілдіктер беру саясаты, сондай-ақ Шәкәрім атындағы білім беру гранттарын тағайындау жүзеге асырылады. 20%, 30%, 50% және 100% мөлшерінде жеңілдіктер қарастырылған, бұл әртүрлі әлеуметтік санаттардан шыққан студенттер үшін жоғары білімнің қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Білім беру бағдарламалары инклюзивтілік және білім алуға тең қолжетімділік қағидаттарын ескере отырып іске асырылады.




Shakarim University Абай облысының Білім басқармасымен бірлесіп, Қазақстан, Ресей және Қырғызстаннан келген педагогтерді, зерттеушілерді және сарапшыларды біріктірген [«Инклюзия: тең мүмкіндіктер кеңістігі» халықаралық форумын](#) өткізді. Іс-шарада инклюзивті білім

берудің өзекті мәселелері, сапалы білім алуға тең қолжетімділік және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтік қолдау мәселелері талқыланды. Форум тәжірибе алмасуға, инклюзивті білім беру ортасын нығайтуға және білім беру жүйесінде әлеуметтік әділеттілік қағидаттарын ілгерілетуге ықпал етті.

2025 жылы Shakarim University Жоғары колледжі балаларға арналған жыл сайынғы «Толағай» күндізгі лагерін ұйымдастырды.

«Толағай» лагері балалардың мазмұнды әрі қызықты жазғы демалысын ұйымдастыруға, олардың шығармашылық қабілеттерін, коммуникативтік дағдылары мен әлеуметтік белсенділігін дамытуға бағытталған. Лагерь жұмысы аясында балалар танымдық, шығармашылық және спорттық іс-шараларға қатысты, уақыттарын пайдалы өткізіп, жазғы демалыстан жарқын әсер алды.



«Толағай» лагерінің университеттің ПОҚ-ы мен қызметкерлерінің балалары үшін тегін негізде ұйымдастырылуының маңызы ерекше. Бұл отбасының әлеуметтік жағдайына қарамастан, балалардың демалуына, дамуына және білім беру

мен мәдени ортаға қатысуына тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге ықпал етеді.

2. Ғылыми және инновациялық қызмет

Университеттің ғылыми зерттеулері қоғам дамуының әлеуметтік-экономикалық аспектілерін, әлеуметтік қолдау мәселелерін, тұрақты даму және өмір сапасын арттыру мәселелерін қамтиды. Зерттеу нәтижелері әлеуметтік теңсіздікті азайту және әлеуметтік саясатты жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлеу кезінде пайдаланылады.

Тұрақты даму саласындағы ғылыми жобалар:

1. [AP25796077](#) (2025-2027) «Қазақ эмиграциялық баспасөзінің интеллектуалдық дискурсты қалыптастырудағы рөлі»;
2. [R28712491](#) (2025-2027) «Шәкәрім Құдайбердіұлының рухани мұрасын кешенді әдеби-мәдени, тарихи-этнографиялық, географиялық, лингвистикалық зерттеу: цифрлық интеграция және этнотуризм».

3. Интернационалдандыру және халықаралық ынтымақтастық

Университет академиялық ұтқырлық пен халықаралық серіктестікті дамытып, студенттердің алмасу бағдарламалары мен халықаралық білім беру бастамаларына тең қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Бұл білім алушылардың әлеуметтік жағдайына қарамастан, олардың кәсіби және тұлғалық өсу мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етеді.

4. Әлеуметтік даму және студенттік орта

Университет студенттердің әлеуметтік осал санаттарына материалдық қолдау көрсетеді. 1-курсқа қабылданған жетім студенттердің бесеуіне

біржолғы материалдық көмек көрсетілді, ал 1–4 курс студенттерінің 38-іне ай сайынғы жәрдемақы тағайындалды.

Студенттердің әл-ауқатын қолдауға, оқу мен дамуға тең жағдай қалыптастыруға, сондай-ақ білім алушыларды қоғамдық қызметке тартуға бағытталған әлеуметтік және профилактикалық іс-шаралар өткізіледі.

Халықаралық қарттар күні аясында [«Қарттарын қадірлеген ел ардақты»](#) волонтерлік жобасы ұйымдастырылды, онда университет студенттері қарт адамдарға қолдау көрсетіп, олармен кездесулер, ойындар және мәдени іс-шаралар өткізді. Акция ұрпақтар арасындағы байланысты нығайтуға, әлеуметтік бірлікке және студенттердің эмпатия мен жауапкершілік дағдыларын дамытуға ықпал етті. Бұл студенттік ортаны қарттар мен халықтың осал топтарына қамқорлық жасауға бағытталған әлеуметтік бастамаларға тартудың бір мысалы.



Желтоқсан айында 1-курс студенттеріне арналған [«Қорқынышсыз сессия» тренингі](#) өткізілді, оған 160 білім алушы қатысты. Тренинг сессия кезінде психологиялық кедергілер мен алаңдаушылықты төмендетуге бағытталды, бұл дайындық деңгейі мен жеке ерекшеліктеріне қарамастан, табысты білім алуға тең жағдай жасайды. Іс-шара білім беру ортасының инклюзивтілігін арттыруға, студенттердің өзіне деген сенімін нығайтуға және олардың академиялық әл-ауқатын қолдауға ықпал етеді.

2025 жылғы желтоқсан айында [бірінші курс эдвайзерлеріне арналған](#) «Бірінші курс студенттерінің бейімделуі: қиындықтары және қолдау жолдары» тақырыбында семинар өтті. Семинар бірінші курс студенттерінің бейімделу қиындықтарын және оларға қолдау көрсету жолдарын зерделеуге бағытталды. Іс-шара эдвайзерлердің студенттермен жұмыс істеу құзыреттерін дамытуға, сүйемелдеу жүйесін нығайтуға және студенттердің оқу үдерісіне әрі студенттік ортаға сәтті кірігуіне жағдай жасауға ықпал етеді.





Шәкәрім университетінде «Ұлттық диктанттың» өткізілуі тіл мәдениетін нығайтуға, мемлекеттік тілді дамытуға және білім беру үдерісіне қатысушылардың барлығына тең мүмкіндіктер қалыптастыруға ықпал етеді. Іс-шара сауаттылықты арттыруға, мәдени бірегейлікті дамытуға және академиялық

ортада қазақ тілін танымал етуге бағытталған.

5. Инфрақұрылым және ресурстар

Университетте студенттердің барлық санаттарына, соның ішінде білім беру ресурстарына, цифрлық платформаларға және әлеуметтік инфрақұрылымға қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, жайлы және қауіпсіз білім алу үшін жағдайлар жасалады.

Материалдық-техникалық базаны дамыту және қолжетімді білім беру ортасын құру жоғары білім алуудағы кедергілерді азайтуға және барлық білім алушылар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Қорытынды

ТДМ 10 – Теңсіздікті қысқарту мақсатын іске асыру аясында «Шәкәрім университеті» КеАҚ білім алушылар мен университет қызметкерлерінің барлық санаттары үшін сапалы білім алуға, әлеуметтік қолдауға және даму мүмкіндіктеріне тең қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Жеңілдіктер ұсыну, материалдық қолдау көрсету, инклюзивті ортаны дамыту, студенттердің әлеуметтік белсенділігін арттыру, сондай-ақ ПОҚ пен қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсету бойынша іске асырылып жатқан шаралар теңсіздікті азайтуға және табысты білім алуға әрі өзін-өзі жүзеге асыруға жағдай жасауға ықпал етеді. Университет тұрақты даму қағидаттарына сәйкес әділ, қолжетімді және инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыруда.



**«ШӘКӘРІМ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ**

**ТДМ № 11 – «Тұрақты қалалар мен елді мекендер»
мақсатына қол жеткізу нәтижелері туралы
ЕСЕП
2025 жыл**

Семей, 2026



Кіріспе

ТДМ 11 – Тұрақты қалалар мен елді мекендерді іске асыру аясындағы университеттің мақсаты білім беру, ғылыми және қоғамдық қызмет арқылы экологиялық тұрақты, қауіпсіз әрі жайлы қалалық ортаны қалыптастыруға ықпал ету болып табылады.

Негізгі міндеттер:

- ❖ студенттердің экологиялық мәдениеті мен азаматтық жауапкершілігін дамыту;
- ❖ қалалық аумақты абаттандыру және көгалдандыруға қатысу;
- ❖ кампус инфрақұрылымына тұрақты даму қағидаттарын енгізу;
- ❖ жергілікті атқарушы органдармен және қоғамдық ұйымдармен серіктестікті қолдау.

1. Білім беру қызметі – білім беру бағдарламаларын іске асыру

Білім беру бағдарламаларына тұрақты даму, экология, энергия тиімділігі және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану бойынша пәндер мен модульдер енгізілген.

- ✓ Қалалардың тұрақты дамуы мәселелері бойынша дәрістер мен семинарлар өткізу;
- ✓ «Жасыл кампус» тұжырымдамаларын әзірлеу бойынша студенттік жобаларды ұйымдастыру;
- ✓ Студенттердің қалалық ортаны абаттандыру жөніндегі бастамаларды әзірлеуге қатысуы.



Шәкәрім университетінде қазақ халқының тарихындағы, мәдениеті мен шаруашылық өміріндегі [жылқының рөліне арналған «Жылқы тұлғи» ғылыми-танымдық кітабының](#) тұсаукесері өтті. Іс-шараға белгілі ғалымдар, ақындар және қоғам қайраткерлері қатысып, еңбектің ғылыми және мәдени маңызын, сондай-ақ жылқы шаруашылығын дамыту және осы саладағы зерттеулердің келешегін талқылады. Кітап зоотехния, тарих және мәдениет мәселелерін біріктіріп, саланы одан әрі дамытуға бағытталған ғылыми бастамаларды ұсынады.

2. Ғылыми және инновациялық қызмет

Университеттің ғылыми зерттеулері экологиялық жүктемені азайтуға, энергия тиімділігін арттыруға және экологиялық қауіпсіз технологияларды енгізуге бағытталған.

- ✓ Кампусты декарбонизациялау бойынша зерттеу жобаларын іске асыру;
- ✓ Көгалдандыру және ресурстарды ұтымды пайдалану бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- ✓ Өңірдің тұрақты дамуына бағытталған гранттық жобаларға қатысу.



Шәкәрім университеті мен Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының ынтымақтастығы аясында [«Абай облысын кешенді тарихи-археологиялық зерттеу» бірлескен ғылыми жобасы](#) жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, Мұздыбай-3 қорымындағы археологиялық қазба жұмыстары өңірдегі ежелгі қауымдастықтардың мәдени-тарихи келбетін зерттеуге бағытталған. Алдағы уақытта табылған артефактілердің мерзімін нақты анықтау және тарихи-мәдени тұрғыдан неғұрлым толық талдау жүргізу мақсатында кешенді зертханалық сараптама жүргізу жоспарлануда.

Тұрақты даму саласындағы ғылыми жобалар:

1. [R28712491](#) (2025-2027) «Шәкәрім Құдайбердіұлының рухани мұрасын кешенді әдеби-мәдени, тарихи-этнографиялық, географиялық, лингвистикалық зерттеу: цифрлық интеграция және этнотуризм»;
2. [AP26197931](#) «Ауыл шаруашылығы нысандарын үздіксіз электр және сумен жабдықтауға арналған автоматтандырылған басқарылатын жел-күн қондырғысын әзірлеу және зерттеу».

2025 жылға арналған Тұрақты даму мақсаттарын қарастыратын Q1–Q2 жарияланымдар:

№	Мақала атауы	Квартиль	ТДМ (SDG)
1.	Implementation of the Alash Idea in Literary Translations (On the Example of Contemporary Kazakh Literature)	Q2	SDG 4 – Баршаға бірдей жан-жақты және әділ сапалы білім беруді қамтамасыз ету және өмір бойы білім алу мүмкіндіктерін ынталандыру; SDG 11 – Қалалар мен елді мекендердің ашықтығын, қауіпсіздігін, өміршендігін және экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету;
2.	Performance Evaluation of Fixed-Point DFOS Cables for Structural Monitoring of Reinforced Concrete Elements	Q2	SDG 9 – Тұрақты инфрақұрылым құру, жан-жақты және тұрақты индустрияландыруға және инновацияларға жәрдемдесу; SDG 11 – Қалалар мен елді мекендердің ашықтығын, қауіпсіздігін, өміршендігін және экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету;

3. Интернационалдандыру және халықаралық ынтымақтастық

Университет тұрақты даму және экологиялық бастамалар саласында шетелдік жоғары оқу орындарымен және ұйымдармен ынтымақтастықты дамытады.

- ✓ Тұрақты даму рейтингтеріне (мысалы, UI GreenMetric) қатысу;
- ✓ Экологиялық бағыттар бойынша студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығы;
- ✓ Қалалық ортаның тұрақты дамуы мәселелері бойынша халықаралық серіктестермен бірлескен жобалар.

4. Әлеуметтік даму және студенттік орта

Университет студенттер мен қызметкерлерді қалалық ортаны жақсартуға бағытталған экологиялық және әлеуметтік бастамаларға белсенді түрде тартады.

- ✓ «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында сенбіліктер ұйымдастыру;
- ✓ Аумақты абаттандыру бойынша экологиялық акциялар мен флешмобтар өткізу;
- ✓ Экологиялық мәдениет пен ұжымдық жауапкершілікті қалыптастыруға бағытталған тимбилдингтер мен көшпелі іс-шаралар.



«EcoQadam» іс-шарасы қаланың санитарлық жағдайын жақсарту және студенттерді қалалық ортадағы тазалық пен тәртіпті сақтауға тарту мақсатында ұйымдастырылды. Акция экологиялық жауапкершілікті, белсенді азаматтық ұстанымды дамытуға және қалалық ресурстарды ұтымды пайдалану әдеттерін қалыптастыруға ықпал етті. Бұл студенттік қауымдастықтың қаланың тұрақты дамуына практикалық қатысуының бір мысалы.

Шәкәрім университетінде аға буынға құрмет көрсетуге арналған «Күміс университет» тыңдаушыларына арналған мерекелік іс-шара өтті. Студенттер концерттер, ойындар және сыйлықтар дайындап, қуанышты әрі жылы атмосфера қалыптастырды. Іс-шара ұрпақтар арасындағы байланысты нығайтуға және жастардың әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруға ықпал етті.



5. Инфрақұрылым және ресурстар

Университетте инфрақұрылым мен ресурстарды тұрақты басқару қағидаттары енгізілуде. Кампустың жасыл инфрақұрылымы дамытылып, энергияны үнемдеу және су мен электр энергиясын ұтымды пайдалану шаралары енгізілуде.

- ✓ Энергия үнемдейтін технологияларды пайдалана отырып, жарықтандыру жүйесін жаңғырту;
- ✓ Жасыл аймақтарды кеңейту және кампус аумағында ағаш отырғызу;
- ✓ Қалдықтарды бөлек жинауды және экологиялық ағартуды ұйымдастыру.

Қорытынды

ТДМ 11 аясындағы іс-шараларды іске асыру тұрақты университеттік және қалалық ортаны қалыптастыруға, экологиялық мәдениетті дамытуға және студенттер мен қызметкерлердің әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді. Білім беру, ғылыми, әлеуметтік және инфрақұрылымдық қызметті біріктіретін кешенді тәсіл университетке өңірдің тұрақты дамуына елеулі үлес қосуға және әлеуметтік жауапты әрі экологиялық бағдарланған жоғары оқу орны ретіндегі мәртебесін нығайтуға мүмкіндік береді.



**«ШӘКӘРІМ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ**

**ТДМ № 12 – «Жауапты тұтыну және өндіріс»
мақсатына қол жеткізу нәтижелері туралы
ЕСЕП
2025 жыл**

Семей, 2026



Кіріспе

ТДМ 12 – Жауапты тұтыну және өндірісті іске асыру аясындағы университеттің мақсаты ресурстарды ұтымды пайдалану мәдениетін қалыптастыру, экологиялық жүктемені азайту және білім беру, ғылыми және шаруашылық қызметке тұрақты даму қағидаттарын енгізу болып табылады.

Негізгі міндеттер:

- ❖ тұрақты тұтыну қағидаттарын білім беру бағдарламаларына интеграциялау;
- ❖ ресурстарды үнемдеу және экологиялық қауіпсіз технологиялар саласындағы ғылыми зерттеулерді дамыту;
- ❖ студенттер мен қызметкерлердің экологиялық жауапкершілігін қалыптастыру;
- ❖ университет инфрақұрылымында энергияны, суды және материалдарды ұтымды пайдалану тәжірибелерін енгізу.

1. Білім беру қызметі – білім беру бағдарламаларын іске асыру

Білім беру бағдарламаларына табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, экологиялық қауіпсіздік, тұрақты технологиялар және ресурстарды үнемдеу мәселелерін зерделеуге бағытталған пәндер мен модульдер енгізілген.

- ✓ Тұрақты өндіріс және қалдықтарды қайта өңдеу бойынша семинарлар өткізу;
- ✓ Студенттердің кампуста ресурстарды тұтынуды азайту бойынша жобалар орындауы;
- ✓ Экологиялық жауапты тұтыну бойынша шеберлік сыныптарын ұйымдастыру.



2025 жылғы 15 сәуірде [«Таза Қазақстан» республикалық экожобасы аясында](#) табиғи ресурстарға ұқыпты қарау және энергия үнемдеу мәселелеріне арналған ашық дәріс өткізілді. Іс-шара білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға, олардың ел мен өңірдің экологиялық маңыздылығы туралы хабардарлығын арттыруға, сондай-ақ ресурстарға жауапты көзқарасын дамытуға ықпал етті. Дәрістің интерактивті форматы мен зияткерлік ойындар студенттердің қызығушылығын арттырып, алған білімдерін бекітуге ықпал етті.

2. Ғылыми және инновациялық қызмет

Университеттің ғылыми зерттеулері қалдықтарды азайтуға, қайталама шикізатты қайта өңдеуге және ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыруға ықпал ететін технологияларды әзірлеуге бағытталған.

✓ Тамақ қалдықтарын және қайталама шикізатты қайта өңдеу саласындағы зерттеулер;

✓ Инновациялық экологиялық қауіпсіз өнімдер мен технологияларды әзірлеу;

✓ «Жасыл экономика» қағидаттарын енгізуге бағытталған стартаптарды іске асыру.

2025 жылғы Тұрақты даму мақсаттарын қарастыратын Q1–Q2 жарияланымдар:

№	Мақала атауы	Квартиль	ТДМ (SDG)
1.	Comparable Analysis of Natural and Modified Starches from Kazakhstan: Physicochemical Properties, Applications, and Insights on Biodegradable Films	Q2	SDG 12 – Тұтыну мен өндірістің ұтымды үлгілерін қамтамасыз ету; SDG 9 – Тұрақты инфрақұрылым құру, жан-жақты және тұрақты индустрияландыруға және инновацияларға жәрдемдесу.
2.	Innovative Resource-Saving Equipment for Safflower Processing to Improve Oil Quality	Q1	SDG 12 – Тұтыну мен өндірістің ұтымды үлгілерін қамтамасыз ету; SDG 9 – Тұрақты инфрақұрылым құру.
3.	Use of hydrogen-rich solvent and principal component analysis improves the recovery of phytochemicals from grape wastes	Q1	SDG 12 – Тұтыну мен өндірістің ұтымды үлгілерін қамтамасыз ету; SDG 2 – Аштықты жою, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тамақтануды жақсарту және тұрақты ауыл шаруашылығын дамытуға жәрдемдесу.
4.	Development and Optimization of Edible Antimicrobial Films Based on Dry Heat-Modified Starches from Kazakhstan	Q1	SDG 12 – Тұтыну мен өндірістің ұтымды үлгілерін қамтамасыз ету.
5.	Design and Characterization of Ceramic Bricks with Industrial Waste and Silica-Carbon-Based Additives	Q2	SDG 12 – Тұтыну мен өндірістің ұтымды үлгілерін қамтамасыз ету; SDG 9 – Тұрақты инфрақұрылым құру, жан-жақты және тұрақты индустрияландыруға және инновацияларға жәрдемдесу.
6.	Effect of Pressure Regulating Mechanism on Screw Pressing Efficiency and Production Capacity in Sea Buckthorn (<i>Hippophae rhamnoides</i>) Juice Extraction	Q2	SDG 2 – Аштықты жою, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тамақтануды жақсарту және тұрақты ауыл шаруашылығын дамытуға жәрдемдесу; SDG 12 – Тұтыну мен өндірістің ұтымды үлгілерін қамтамасыз ету.

7.	Investigation of the Effects of Electron Beam Irradiation on the Functional Properties and Stability of Various Feed Products During Storage	Q2	SDG 2 – Аштықты жою, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тамақтануды жақсарту және тұрақты ауыл шаруашылығын дамытуға жәрдемдесу; SDG 12 – Тұтыну мен өндірістің ұтымды үлгілерін қамтамасыз ету.
----	--	----	---

3. Интернационалдандыру және халықаралық ынтымақтастық

Университет тұрақты даму және экологиялық жауапкершілік мәселелері бойынша халықаралық бастамалар мен серіктестік жобаларға қатысады.

- ✓ Тұрақты өндіріс бойынша халықаралық конференцияларға қатысу;
- ✓ Экологиялық және технологиялық бағыттар бойынша академиялық ұтқырлық;
- ✓ Жасыл технологиялар және айналмалы экономика саласында шетелдік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық.

4. Әлеуметтік даму және студенттік орта

